

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Ветеринариялық медицина кафедрасы

К.У.Сулейманова, Л.С.Кулакова

Мысықтар мен иттердің жұқпалы және жұқпалы емес аурулары

Оқу – әдістемелік құралы



Қостанай, 2019

УДК 619
ББК 48.73я7
С 85

Автор:

Сулейманова Куляй Уразгалиевна, биология ғылымының кандидаты,
профессор
Кулакова Любовь Степановна, ветеринария ғылымының кандидаты,
профессор

Рецензенттер:

Мустафин Батыржан Муафикович, ветеринария ғылымының докторы,
облыстық ауылшаруашылық басқармасының орынбасары, Қостанай
облысының бас малдәрігері
Туякова Рауза Какеновна, ветеринария ғылымының кандидаты, ҚОФ РГП
«РВЛ», азық-түлік қауіпсіздігі бөлімінің аға малдәрігері
Байкенов Марат Токмеилович, ветеринария ғылымының кандидаты,
ветеринариялық медицина кафедрасының профессоры

Сулейманова К.У., Кулакова Л.С.

С 85 Мысықтар мен иттердің жұқпалы және жұқпалы емес аурулары. -
Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2019 ж. – 129 б.

Оқу – әдістемелігінде мысықтар мен иттердің жұқпалы және жұқпалы емес аурулары келтірілген. Мысықтар мен иттердің жұқпалы және жұқпалы емес аурулары кезінде қоздырушылардың морфологиясы мен биологиясы, патологиялық өзгерістері және клиникалық белгілері, диагностика, емделуі мен алдын алу шараларына жеке назар аударылған.

5В120100-Ветеринариялық медицина мамандығы студенттеріне арналған оқу – әдістемелік құрал.

УДК 619
ББК 48.73я7

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқу –
әдістемелік кеңесімен бекітілген, хаттама № 1, 16.01.2019 ж

ISBN 978-601-7985-40-0

© А. Байтұрсынов атындағы Қостанай
мемлекеттік университеті, 2019

Мазмұны

Кіріспе	4
1 бөлім Етқоректі жануарлардың гельминтоздары.....	5
1.1 Трематодоздар.....	
1.1.1 Етқоректі жануарлардың описторхозы және клонорхозы.....	5
1.1.2 Етқоректі жануарлардың аляриозы.....	8
1.1.3 Етқоректі жануарлардың меторхозы, псевдамфистоматозы, эхинохазмозы, метагонимозы және парагонимозы.....	11
1.2 Цестодоздар.....	16
1.2.1 Ет қоректі жануарлардың дифиллоботриозы.....	16
1.2.2 Итпен мысықтардың дипилидиозы.....	20
1.2.3 Ет қоректі жануарлардың мезоцестойдозы.....	23
1.2.4 Мысықтардың гидатигерозы.....	25
1.2.5 Иттердің эхинококкозы және альвеококкозы.....	27
1.2.6 Ет қоректі жануарлардың тениидозы.....	31
1.3 Нематодоздар.....	35
1.3.1 Ет қоректі жануарлардың токсокарозы.....	35
1.3.2 Ет қоректі жануарлардың токсаскаридозы	37
1.3.3 Ет қоректі жануардың анкилостоматидозы	38
1.3.4 Терісі бағалы аңдардың кренозоматозы.....	41
1.3.5 Ет қоректі жануарлардың спироцеркозы	42
1.3.6 Иттердің және терісі бағалы аңдардың дирофиляриозы.....	44
1.3.7 Ет қоректі жануарлардың диоктофимозы.....	47
1.3.8 Ит және терісі бағалы аңдардың трихоцефалезы.....	48
1.3.9 Ет қоректі жануарлардың трихинеллезы.....	49
2 бөлім Ет қоректі жануарлардың протозойлық аурулары.....	50
2.1 Ит пироплазмозы.....	50
2.2 Түлкілер мен ақ түлкілердің эймериозы және цистоизоспорозы (изоспороз)	51
2.3 Ит және мысықтардың цистоизоспорозы (изоспороз).....	54
2.4 Ит және мысықтардың саркоцистозы	57
2.5 Мысықтардың токсоплазмозы	58
3 бөлім Мاستигофороздар.....	60
3.1 Ит лейшманиозы.....	60
4 бөлім Ет қоректі жануарлардың энтомоздары.....	63
4.1 Иттердің, мысықтардың және терісі бағалы аңдардың афаниптерозы.....	63
4.2 Иттердің линогнатозы.....	64
4.3 Иттердің триходектозы.....	64
5 Жазатайым оқиғалар кезіндегі алғашқы көмек.....	70
6 Жүрек қантамыр жүйесінің аурулары.....	73
6.1 Миокард аурулары.....	73
6.2 Эндокард аурулары.....	73
6.3 Перикард аурулары.....	74
6.4 Аритмия.....	74

6.5 Дилатациялық кардиомиопатия.....	75
6.6 Жүрек жеткіліксіздігі.....	
6.7 Қантамырларының жеткіліксіздігі, талу, шок.....	75
7 Тыныс алу мүшелерінің аурулары.....	76
7.1 Трахеит, бронхит.....	76
7.2 Пневмония, бронхопневмония.....	
7.3 Плеврит.....	77
7.4 Өкпе эмфиземасы.....	78
8 Ас қорыту органдарының аурулары.....	78
8.1 Крикофарингеальды ахалазия, өңеш дивертикулы.....	78
8.2 Гастрит.....	79
8.3 Асқазан мен ұлтабар жарасы.....	80
8.4 Спецификалық емес энтерит, энтероколит, колит.....	80
8.5 Ішектің өтпеуі.....	81
8.6 Проктит, парапроктит, параанальды синусит.....	82
8.7 Ішек дисбактериозы.....	83
8.8 Перитонит.....	84
8.9 Асцит.....	85
8.10 Гепатит.....	85
8.11 Бауыр жеткіліксіздігі өткір.....	86
8.12 Бауыр циррозы.....	
8.13 Панкреатит.....	88
9 Бүйрек және несеп шығару жолдарының аурулары.....	89
9.1 Гломерулонефрит.....	89
9.2 Пиелонефрит.....	90
9.3 Бүйрек жеткіліксіздігі.....	90
9.4 Нефротикалық синдром.....	91
9.5 Цистит, уретрит.....	92
9.6 Несеп тас ауруы.....	93
9.7 Қуықтың параличі және парезі.....	94
10 Эндокриндік аурулар.....	94
10.1 Қант диабеті.....	94
10.2 Қантсыз диабет.....	95
10.3 Гиперадренокортицизм.....	95
10.4 Гипоадренокортицизм.....	96
10.5 Гипотиреоз.....	97
10.6 Гипогонадизм.....	98
11 Жүйке жүйесінің аурулары.....	98
11. 1 Эпилепсия.....	98
11. 2 Гипокальцемиялық тәте.....	99
11. 3 Менингит, энцефалит.....	100
11. 4 Миелит.....	101
11. 5 Миелопатия.....	101
11. 6 Радикулит, ишиас.....	102
12 Қан жүйесінің аурулары.....	103
12. 1 Гемобластар.....	103

12.2 Анемия.....	104
13 Гиповитаминоздар.....	105
13. 1 D-гиповитаминоз (рахит).....	105
13. 2 К - Гиповитаминоз.....	106
13. 3 Н-Гиповитаминоз.....	106
13. 4 В ₁₂ -Гиповитаминоз.....	107
14 Улану.....	107
14. 1 Детоксикация әдістері.....	108
14. 2 Симптоматикалық терапия.....	109
14. 3 У, симптомдар, емдеу.....	109
15 Иммунодефицит жағдайы.....	121
16 Аутоиммунды аурулар.....	124
16. 1 Аутоиммундық гемолитикалық анемия.....	124
16. 2 Қызыл қасқыр.....	125
16. 3 Дерматомиозит.....	126
16. 4 Ревматоидтық артрит.....	127
16. 5 Аутоиммундық миастения.....	127
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	129

Кіріспе

Ұсақ үй жануарлары, әсіресе мысықтар мен иттер әрдайым адам өмірінде үлкен маңызға ие болды. Сонымен қатар, соңғы онжылдықтар бойы әртүрлі объективті және объективті емес жағдайларда ветеринарияға байланысты ауылшаруашылығы жануарлар мен салыстырғанда үй жануарларына екінші дәрежелі мән берілді.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралда иттер мен мысықтардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының пайда болуы, ағымы, емдеу және алдын алу мәселелеріне кешенді көзқарас жасау әрекеті жүзеге асырылды.

Ауру иттер мен мысықтарда мұқият әзірленген және бірнеше рет сыналған, негізінен ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне және жеке үлкен практикалық тәжірибеге негізделген ауруларды емдеу мен алдын алудың жаңа және түпнұсқалық схемалары келтірілген.

Иттер мен мысықтардың көптеген жұқпалы және жұқпалы емес аурулары егжей-тегжейлі сипатталған, олардың кейбірі алғаш рет сипатталған, қазіргі заманғы және тиімді ветеринариялық және медициналық дәрі-дәрмектерді пайдалана отырып, мінездеме, даму (патогенез), диагностика, емдеу және алдын алу тәсілдері берілген.

I бөлім Ет қоректілердің жұқпалы аурулары

1.1 Етқоректілердің описторхозы және клонорхозы

Етқоректілердің қоздырушылары Opisthorchidae тұқымдасына, Heterophyata подотрядына жатады. Таралатын орны - бауырдың өт жолдары, өт көпіршігі және қарын асты безінің жолдары.


Қоздырушылар. Opisthorchis felineus түрінің (кошачья, или сибирская, двуустка) денесі созылыңқы алдыңғы ұшына қарай тарылады, оның ұзындығы 8 - 13 мм және ені 1,2 - 2,5 мм. Арнайы белгісі - екі лопастных семенниктердің болуы, олар дененің артқы жағында бір - біріне қысық орналасқан, араларынан пішіні S-тәрізді экскреторлы канал өтеді. Жатырдың ілмектері семенниктердің алдында орналасқан. Жұмыртқалары ұсақ - өлшемдері (0,01...0,02) x (0,002...0,003) мм, түсі бозғылт - сары, бір полюсте қақпақшасы, ал екіншіде төмпешігі бар екіконтурлы қабықшасымен. Жұмыртқалар сыртқа шыққанда мирацидиялар болады.

Clonorchis sinensis - ұзындығы 10 - 20 мм, ені 2-4 мм, жалпы дене пішіні бойынша описторхисқа ұқсайды. Дененің артқы ұшында орналасқан өте айыр (разветвленный) екі семенниктердің құрылысы ерекше белгісі болып табылады. Дененің екі бүйірінде желточниктердің орналасуы және дененің соңында екі ішектің ойламай тез аяқталуы екі түрге де ерекше белгілеріне осыны жатқызуға болады. Клонорхистің жұмыртқалары описторхистің жұмыртқаларына ұқсас және олардың өлшемдері (0,026...0,035)x(0,017...0,019) мм тең.

Даму биологиясы. Описторхис және клонорхис - биогельминттер. Описторхис үшін дефинитивті иелер - ит, мысық, түлкі, арыстан, ақ түлкі, бұлғын (соболь), шошқа, адам, клонорхис үшін - ит, мысық, түлкі, уссуриялық жанат (енот) және адам. Трематоданың екі түрі үшін аралық иелер - Vithunia тегінің тұшы судаға моллюскаларының (омыртқасыз жұмсақ денелі жәндік) бірнеше түрі. Бұдан басқа трематодаларының дамуында қосымша иелер де қатысады - карп тұқымдасының балықтары (карп, линь, вобла, красноперка, сазан, тыран (лещ), жерех, плотва). Екі трематода үшін даму биологиясы бірдей (1сурет).

Гельминттердің жұмыртқалары суға түседі, онда оларды маллюскалар жұтады. Олардың ішегінде жұмыртқаны жарып мирацидиялар шығады, содан кейін бауырға қоныс аударып спороцистаға айналады. Бауырда редиялар пайда болады, содан кейін церкариялар, суға кіргесін тері арқылы балықтың бұлшық етіне белсенді енеді, онда олар метацеркарияларға айналады - ол зақымдалған личинка (балапан құрт). Жұмыртқадан метацеркарияға айналу үшін 2,5айдай керек.

Ет қоректі жануарлармен адам метацеркариялармен зақымдалған шикі, нашар тоңазытылған, қақталған (**вяленая**) балықты жегенде зақымдалады. Дефинитивті иесінің ішегінен жас описторхистер мен клонорхистер өт және қарын асты жолдар арқылы бауырға және қарын асты безге енеді.



1 сурет. *O. felineus*-тың даму биологиясы:

1 – жалпы түрі; 2 – жұмыртқалар; 3 – спороциста; 4 – редиялар; 5 – церкариялар; 6 – метацеркариялармен зақымдалған балық.

Бауырда описторхистер 21-28 тәуілік ішінде жынысты жетіледі, ал клонорхистер 25-30 тәуілікте. Ет қоректілердің организмінде трематодаларының өмір ұзақтығы 3 және 6 - 8 жылдан асады. Ал адамда 10-20 және 40 жылдай болады.

Эпизоотологиялық деректер. Описторхоз Обь, Иртыш, Калининград аудандарының бассейндерінде, Москва, Днепр, Волга және сол түстік Двина өзендерінің бассейндерінде ошақты тараған. Клонорхоз Қиыр Шығыста, шет елдерде - Қытайда және Кореяда.

Описторхозтың негізгі тарау көзі адам болып саналады, бірақ мысықтар және иттер де эпизоотология мен инвазияда көрнекті роль атқарады.

Патогенез және аурудың белгілері. Зақымдалған жануардың организмiне гельминттер аллерготоксикалық әсер етеді, осы белгілердің бірі қанның эозинофилиясы болып табылады. Гельминттер өт және панкреатикалық жолдарының қабарғаларына жас трематоданың сырты қапталған шипиктермен (тікенек) механикалық әсер етеді.

Қарқынды зақымдалған иттер тәбетін жоғалтып, жүдейді. Асқорыту каналының жүйесі (іш өту, іш қату) бұзылады. Кілегей қабықтар бозарады,

сарылау болады, бауыры үлкейеді сипап қарағанда ауырсынады. Ақ түлкелерде және түлкілерде де осылай болады. Жүн жабыны жылтырлығын жоғалтады. Иммунитеті зерттелмеген.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Бауыры тығыздалған, өт жолдары өте кенейтілген, кесілген, тілінген жолдардан сары – жасылдау құрамында паразиттер бар масса ағады. Өт көпіршіктері және үлкен жолдар созылған, олардың қабырғалары жуандау. Кейде бауырда папилломатозды және аденоматозды өсулер болады, ал иттерде және адамдарда ісік (екінші рак) болуы мүмкін. Клонорхоз кезінде қарынасты безде - эпителийдің гиперплазиясы, кейде қан ағулар, паренхиманың некроздары.

Диагностика. Эпизоотологиялық деректерден және клиникалық белгілерден басқа диагноз үшін флотация әдісін қолданады, мұнда Щербович бойынша қаныққан натрий гипосульфит ерітіндісін (1 л қайнаған суға 1750 г) және натрий нитратын (1 л суға 1 кг) қолданады. Аса нәтижелі тығыздығы $1,82 \cdot 10^3$ кг/м³ тең (1л суға 2 кг) цинк хлоридінің ерітіндісінің қолдануымен Котельниковтың әдісі болып табылады. Балықты метацеркариялармен қаншалықты зақымдалғанын зерттейді. Ол үшін балықтың арқа бұлшық еттерінен өткір скальпельмен жіңішке кесінділерді кесіп алады (2-3 мм), екі зат шынының арасында басады (2 - 3 тамшы сумен) содан кейін 14-28 есе үлкейтетін лупамен (үлкейткіш шыны) немесе 56 есе үлкейтетін микроскоппен қарайды. Метацеркарияның ұзындығы 0,3 мм., ені 0,24 мм.

Өлгеннен кейін бауырын немесе қарын асты безін ашып қарайды. Бауыр тығыздалған Глиссонов капсула арасынан киста тәрізді кеңейтулер, өт жолдарының қабырғалары қалын болады. Оларда папиллом немесе аденом түріндегі эпителийдің өсулері көбінесе екеуі де болады. Қарынасты бездің жолдарында эпителийдің пролиферациясын көруге болады. Клонорхоз кезде бұл көріністі рак (қылтаман ісік) алдындағы содан кейін құрылымдарға (новообразования) әкелетін жағдай деп қарастырады.

Описторхистерді аналық безі (яичник) және ұрық безі (семенники) өте қатты бұтақталған клонорхистерден сараптау (ажырату) керек.

Емдеу. Описторхоз және клонорхоз кезде гексахлорэтанді, гексихолді, политремді, празиквантелді қолдануға болады. Гексахлорэтанді көп немесе тамақпен (еттен жасалған фаршқа, ботқаға) 0,1-0,2 г мөлшерде немесе аштықтан кейін желатинді капсулада итке береді. Терісі бағалы аңдарға итке сияқты мөлшері 0,5-0,6 г/кг береді. Гексихол мен политремді 0,2 и 0,15 г/кг мөлшерінде бір рет еттен жасалған фаршпен бірге жеке-жеке итке, мысыққа, ақ түлкіге, түлкіге, бұлғындарға береді.

Празиквантелді (дронцит) иттерге 12 сағаттық аштықтан кейін 0,1 г/кг (ДВ бойынша) мөлшерде бір рет еттен жасалған фаршпен бірге, ал мысықтарға аз мөлшердегі сумен бірге зонд арқылы жеке-жеке береді.

Алдын алу мен күресу шаралар. Осы шаралардың бірі су ресурстардың жанында тұратын адамдарды суларды жануар немесе адамның зақымдалған нәжістерімен кірлетпеу, ветеринариялық – санитариялық шараларды өткізу өте маңызды болып саналады. Өйткені, описторхистің және клонорхистің метацеркарийлармен зақымдалған балық жануарды немесе адамды негізгі зақымдау көзі болып табылады, сондықтан осы фактордағы аурулардың эпизоотологиялық тізбекті қадағалау керек ет қоректілер - моллюскалар - балықтар. Халі жаман аудандарда тамақ ретінде шикі балықты қолдану рұқсат бермеу керек. Ұсақ балықты 5 тәулік бойы - 8...- 15 °С температурасында тоңазату керек. Егер зақымдалған балықты қайнағаннан кейін 30 минут бойы пісірсе, онда жақсы нәтиже болады.


Ет қоректі жануарлардың өлекселерінің утилизациясын міндетті түрде ұйымдастыру керек. Түлкілердің және ақ түлкілердің жоспарлы дегельминтизациясын гонға дейін бір ай қалғанда және күшіктерін алғаннан кейін 10 күн өткесін өткізу керек. Терісі бағалы аңдардың, иттердің, мысықтардың диагностикалық зерттеулерді мерзімді қайталау керек, керек болса дегельминтизацияны өткізу керек.

1.2 Ет қоректі жануарлардың аляриозы

Ет қоректі жануарларының трематодоздарының қоздырушыларының гельминттері *Alariidae* тұқымдасына, *Strjgeata* подотрядына жатады. Жынысты жетілген аляриялар дефинитивті иенсінің жіңішке ішегінің алдыңғы бөлімінде, ал личинкалар (метацеркариялар) амфибияның және сүт қоректілердің (ит, мысық, қара күзен, бұлғын, сасық күзен) ішкі органдарында және бұлшық еттерінде болады.

Қоздырушы. *Alaria alata* трематодасы имаго сатысында ұзындығы 2,4-4,4 мм және ені 1,2-2,1 мм дейін жетеді. Денесінің алдыңғы жағы жалпақ, артқы жағы – цилиндрлі. Арнайы белгісі - ауыз сорғыштардың айналасында құлақ тәрізді көрінетін құрылымдарының болуы. Жыныс органдары гельминттің артқы жағын алады. Резервуарлы иелерінің органдары мен ұлпаларында метацеркариялардың ұзындығы 0,4-0,5 мм және ені 0,2 мм дейін жетеді. Жұмыртқалар сопақша пішінді мөлшерлері (6,107...0Д31)х(0,063...0,093) мм тең.

Даму биологиясы. Трематодалар үш иенің қатысуымен өтеді: дефинитивті иелер (ит, қасқыр, түлкі, ақ түлкі), аралық иелер (*Planorbis* тегінің тұшы судаға моллюскалары (омыртқасыз жұмсақ денелі жәндік)) және қосымша иелер (бақалар, головастики). Бұдан басқа алярияның Даму биологиясында резервуарлы иелердің атқаратын рөлі айтарлықтай – кемірушілер (2 сурет).



2 сурет. *A. alata*-ның даму биологиясы:

1 – трематоданың жалпы түрі; 2 – жұмыртқа; 3 – мирацидиялар; 4 – церкариялар; 5 – моллюскалар.

Дефинитивті иенің жіңішке ішегінде гельминттер жұмыртқаларды шығарады, олар нәжіспен бірге сыртқа шығады, онда жұмыртқаның ішінде 11-12 тәулікте 21-27 °C температурасында мирацидиилер пайда болады. Суда олар моллюсканың аяғына (*P. planorbis*, *P. vortex*) белсенді енеді және екі құйрықты ұшы бар церкарийлердің пайда болуымен партеногенетикалық жолмен дамиды. Бұл процесс 22-24 °C 37-45 тәулікте немесе 18-19 °C 70-80 тәулікте аяқталады. Содан кейін церкарийлер моллюсканың организмнен шығып суда головастиктерді және бақаларды кездестіргенде олардың денесіне енеді, мұнда метацеркарийлерге айналады.

Дефинитивті иелер бақаларды және головастиктерді жегенде зақымдалады. Көбінесе бақаларды және головастиктерді сусар (куньи) тұқымдастарын (бұлғын, ақ тышқан, қара күзен, сусар және т.б.) резервуарлы иелер, ал дефинитивті иелер соңғылардың етін және ішкі

органдарын жегенде зақымдалады. Дефинитивті иелердің ішегінде аляриялар 32 — 45 тәуіліктің ішінде имаго сатысына жетеді.

Эпизоотологиялық деректер. Аляриоз ет қоректі – біздің елімізде де, шет елдерде де кең тараған ауру. Дефинитивті және резервуарлы иелердің түрлері көп болғандықтан гельминт кең тараған. Байқаусыз жүретін және аңшы иттер үшін қауыпты. Соңғыларына көбінесе әр түрлі аңдардың (резервуарлы иелер) ұшаларын жеуге береді.

Жұмыртқалар сыртқы ортаның жағдайларына өте тұрақты және аралықпен әр түрлі резервуарлы иелердің денесінде метацеркариялардың өмірі ұзағырақ болады.

Патогенез және аурудың белгілері. Ересек аляриялар өзінің сорғыштарының көмегімен жіңішке ішектің кілегей қабығына бекітіледі механикалық әсер етіп, атрофиялық және дистрофиялық процесстермен қамтамасыз етеді. Нәтижесінде ішектің секреторлы – моторлы жүйесі бұзылады. Метацеркарийлер құрсақ және кеуденің май ұлпаларында, бұлшық ет ұлпаларында, сирек жүректк, аорта қабырғаларында, бүйректе, жемсау (зоб) безінде, плевраның астында және лимфа түйіндерінде болады, осыдан осы органдармен ұлпаларда морфожүйелік өзгерістерді туғызады. Орналасу орны бойынша ересек алярийлер мен метацеркарийлердің екі ауру түрін ажыратуға болады: ішектік аляриоз, ол жынысты жетілген гельминттермен қоздырылады және метацеркары — трематоданың личинкалық сатысымен қоздырылады.

Клиникалық тіркеулер бойынша жануарларда көбінесе ішектік түрі болады. Қарқынды зақымдалу кезінде иттерде асқорыту жүйесі бұзылады (іш өту, азық нәшар қорытылады, энтерит), түлкінің балапандары жие өледі.

Иммунитет және патологоанатомиялық өзгерістер аляриоз кезінде зерттелмеген деп айтуға болады.

Диагностика. Аляриозға диагнозды эпизоотологиялық деректерге, ауру белгілеріне (ішектік түрі) және зертханалық зерттеулерге қарап қояды. Нәжистерді зерттеу үшін флотация әдісін қолданады, мұнда қаныққан натрий гипосульфитпен магнезияның күкірт қышқылының (1 л суға 920 г) пайдаланады, онда трематоданың жұмыртқалары шығады. Өлгеннен кейінгі диагнозды егерде жіңішке ішектің бөлімінде аляриялардың саны көп болса қояды. Резервуарлы иелердің әр түрлі органдар мен ұлпаларында метацеркарияларды табады, олар цисталарға тұтқындалған болады.

Емдеу. Аляриоз кезінде иттерге 0,002 г/кг, түлкілерге 0,01 г/кг мөлшерінде сулы-бромды арекалин береді. Оны сүтпен немесе болтушкамен 16—18 сағаттық диетадан кейін жеке-жеке қолданады. Жануарлардың описторхозы кезінде сияқты сол мөлшерде политрем және гексихолды қолану нәтижелі болуы ықтимал.

Алдын алу және күресу шаралар. Иттерге және түлкілерге резервуарлы иелердің (бұлғын, сасық күзен, қара күзен, сусар және т.б.) ұшаларын беруге болмайды. Жылдың жылы мезгілінде иттерді, түлкілерді, ақ түлкілерді паразиттің аралық иелермен қарым-қатынасы болмайтын жағдайларда ұстау керек. Терісі бағалы аңдарды жерден жоғары және едендері торшалы торшадарда ұстау керек. Ауру жануарлардың нәжістерін өртейді, хлорлы әкпен өндейді немесе биотермиялық өндеуге ұшыратады. Жағдайы жаман шаруашылықтарда гонға дейін 3—4 апта қалғанда жоспарлы дегельминтизациясын өткізеді.


1.1.3 Ет қоректі жануалардың меторхозы, псевдамфистомозы, эхинохазмозы, метагонимозы және парагонимозы

Меторхоз, псевдамфистомоз, эхинохазмоз, метагонимоз және парагонимоз — иттердің және басқа ет қоректілердің трематодозы, олар *Opisthorchidae*, *Echinostomatidae*, *Heterophyidae* және *Prosthogonimidae* тұқымдасымен, *Fasciolata*, *Heterophyata* және *Echinostomalata* подотрядымен қоздырылады.

Меторхистер және псевдамфистомумдар бауырдың өт жолдарында, эхинохазмустар және метагонимустар — ішектің жіңішке бөлімінде, парагонимустар — бронхтарда (кеңірдек тарамдар), плеврада, диафрагмада, қарынасты безде, ішекте, мезентериальді лимфотүйіндерде, алдындағы (предстательной) безде және бауырда, бас мида, жүректе және басқа органдарда паразиттейді.

Қоздырушылар. Меторхоздың - *Methorchis albidus*, псевдамфистомоздың — *Pseudamphistomum truncatum*, метагонимоздың — *Metagonimus yakogawai*, парагонимоздың — *Paragonimus westermani* және эхинохазмоздың — *Echinochasmus perfoliatus*.

Меторхистердің ұзындығы 2,5—3,5 мм және ені 1,6 мм. Ауыз сорғышының 0,24—0,32 мм, ал құрсақтың диаметрі — 0,30 мм тең. Бүйірлерде орнасқан ішектің екі бағанасын көруге болады, олар дененің соңында ойламастан тез аяқталады. Дененің артқы ұшында кішкене лопасти ұрық безі қисық орналасқан. Шеңберленген аналық безі ұрық безінің алдында орналасқан. Жатырдың түтіктері дененің алдыңғы бөлімін алады (3 сурет).



3 сурет. *Methorchis albidus* 4 сурет. *Pseudamphistomum truncatum*


Жұмыртқалары сопақша, опистрохистың жұмыртқаларына ұқсас, өлшемдері $(0,027...0,032) \times (0,013...0,015)$ мм тең.

Псевдамфистомумдардың ұзындығы 1,5—2,5 мм, ені 0,6—1,0 мм. Ауыз сорғышының 0,14—0,18 мм, ал құрсақтың диаметрі — 0,18—0,21 мм тең. Трематоданың арнайы белгісі — артқы ұшы мұқал басты (тупосрезанный), ол ішіне үлкен сорғыш сияқты тартылып еңгізілген. Екі шеңберлі ұрық безі дененің артқы ұшында орналасқан. Ішектің екі жуан бағанасы дененің соңында аяқталған. Жатырдың түтіктері дененің ортасын алады (4 сурет).


Эхинохазмустар — ұзынынан созылған трематодалар, ұзындығы 3,0 — 4,0 мм тең. Дененің сырты тікенектермен қапталған. Құрсақтың сорғышының 0,25—0,26 мм, ауыз сорғышының диаметрі — 0,12—0,14 мм. Ауыз сорғышы мен жұтқыншақтың арасында адоральды диск орналасқан, ол бір қатарлы тікенектермен қаруланған барлығы 24 тікенек, әр жақтан 12 тікенектен.

Екі үлкен шеңберлі ұрық бездер дененің артқы жағына қарай бірінен соң бірі орналасқан. Ұрық безінің және құрсақ сорғышының алдында үлкен сопақша пішінді жұмыртқалар жайылған, ұзындығы 0,110 мм және ені 0,05 мм (5 сурет).


Метагонимустардың ұзындығы 1,0—2,5 мм, созылынқы трематодалар, олардың бүйілері сәл ішке тартылған. Дененің сырты тікенектермен қапталған. Құрсақ сорғышы болмайды, дененің оң жағының ортасында жыныс сорғышы бар. Екі шеңберлі ұрық бездер дененің артқы ұшында қисық орналасқан, ал жатырдың түтіктері паразиттің артқы жағының жартысын алып жатыр. Желточниктер жеке кесек (глыбок) түрінде трематоданың артқы бөлімінің бүйірінде орналасады (6 сурет).




5 сурет. *Echinochasmus perfoliatus*



6 сурет. *Metagonimus yakogawai*



Парагонимустер қызылдау-қоңырлау түсті, пішіні жұмыртқа тәрізді, ұзындығы 7,5—13,0 мм, ені 4,0—8,0 мм, жуандығы 3,5— 5,0 мм тең. Дененің сырты түгел тікенектермен қапталған. Ауыз сорғышының диаметрі 0,75 мм, ал құрсақтың диаметрі — 0,8 мм. Жұмыртқалары алтын-қоңыр түсті, сопақша (7 сурет). Өлшемдері (0,087...0,125)х(0,052... 0,066) мм тең.



7 сурет. *Paragonimus westermani*

Даму биологиясы. Меторхистермен псевдамфистомумдар бірдей аралық иелердің — тұшы су моллюсктері және қосымша иелердің — карп тұқымдасының балықтары (тыран (лещ), вобла, язь, красноперка, линь, уклейка және т.б.). Дефинитивті иелер — ит, мысық, терісі бағалы аң, уссуриялық жанат (енот), выдра, қара күзен, сасық күзен, росомаха және адам.

Ет қоректілермен суға бөлінген жұмыртқалардан мирацидиилер шығады, олар моллюсканың бауырына енеді, онда тепогенетикалық жолмен жұптар құрылады (спороциста, редиялар және церкарииелер). Церкарииелер моллюсканың организмнен шығып суға түскеннен кейін терінің арасымен балықтың бұлшық ет ұлпасына енеді. 35 тәулік өткеннен кейін олар метацеркарийлерге айналады — инвазиялық личинкалар. Дефинитивті иелер инвазиялық метацеркарияларды жегеннен кейін зақымдалады.

Дефинитивті иелердің организмінде гельминттер 35 тәуліктен кейін жынысты жетіледі де бірнеше жыл бойы онда өмір сүреді.

Эпизоотологиялық деректер. Меторхоздың және псевдамфистомоздың қоздырушылары РФ орталық аудандарында, Астрахан және елдің басқа аудан мен облыстарында кең тараған. Гельминттер кең тараған өйткені, дефинитивті иелер әртүрлі және тұшы су моллюскалары болатын өзендер мен суқоймаларөте көп. Бұдан басқа паразиттерге қарсы шаралардың өтпеуі.

Патогенез және ауру белгілері. Ауру жануарлардағы болатын негізгі патологиялық процесс бауырдың өт жолдарында дамиды. Гельминттер орын ауыстырғанда өздерінің тікенектерімен кілегей жолдарды зақымдайды, соның салдарынан ісінулер пайда болады, ал олар жолдардың қабырғаларын жуандатады. Трематоданың метаболиттерінің әсерінен аллерготоксикалық көріністер пайда болады, осыдан бауыр паренхимасының гипертрофиялық циррозы дамиды. Өт көпіршігінде созылмалы кілегей және қою өт жиналады. Осының салдарынан асқорыту каналының жүйесі бұзылады, кілегей қабықтары сарғаяды, іш өту, іш қатулар пайда болады. Жануарлар жүдейді, өсуі және дамуы тежеледі. Кейбір жануарда іш көлемінің үлкеюі байқалады. Осының бәрі жануардың арықтауына әкеледі және олар жие өледі.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Псевдамфистомоздан өлген жануарды түлкі, жанатты ашып қарағанда бұлшық еттер мен органдар сарылау, фибрин жіптері бар транссудаттың көкірек қуысында жиналуы және катаральді гастроэнтерит болады.

Айқын өзгерістер бауырда болады. Ол өте қатты тығызданады, оның сырты адырлы және әр түрлі болады. Өт көпіршігі кенейген, өт жолдары жуандаған және құрамында созылмалы кілегей мен қою өт болады.

Иттер мен басқа ет қоректілерде басқа трематодалар болады. Олардың барлық тұшы су моллюсктарының — аралақ (*Melania* түрі және т.б.) және қосымша иелердің көмегімен дамиды: арқар (лосось) балықтар — метагонимус үшін, табан (карась) — эхинохазмус үшін, *Potamon*, *Eriochei* және т.б. түрдің тұшы су крабтары, *Cambaroides* түрінің шаяндары — парагонимус үшін.

Бұл трематодаларда дене қаптамасы тікенектермен жабылған, ауыз және құрсақ сорғыштары жақсы дамыған, әрқашанда қозғалыста, сондықтан орналасқан орындарының органдарын және ұлпаларын зақымдайды, осының салдарынан морфофункциональді өзгерістер пайда болады. Эхинохазмоз және метагонимоз кезінде ішектің жіті катаральді ісінуі және бездер торшаларының жүйесі бұзылуы мүмкін. Осының бәрі жануардың жүдеуіне әкеледі. Парагонимустер әр түрлі органдармен ұлпаларда болады және кез-келген күтпеген ауру белгілерін қоздыруы мүмкін.

Диагностика. Нәжісті зертханада флотация әдісі бойынша описторхоз кезінде зерттейді. Ішектік трематодоз кезінде шаю әдісін қолданады. Қорытындыда трематоданы табу үшін органдармен ұлпаларды ашып қарайды.

Емдеу. Меторхоз және псевдамфистомозді емдегенде описторхозды сияқты емдейді. Ішектік трематодоз кезде битионол, ареколин, гексихол, политрем және т.б. қазіргі кездегі антгельминтиктерді қолдануға болады. Иттердің эхинохазмозы кезінде әсері жоғары дәрі ретінде 33 мг/кг (ДВ

бойынша) мөлшерінде панакурды азықпен бірге күніне екі рет қолдануға болады.

Алдын алу және күресу шаралар. Ет қоректі жануарларға шикі балықты, шаянды, крабты бермеу керек. Иттердің, мысықтардың және терісі бағалы аңдардың нәжістерін залалсыздандыру керек және тұратын орындарын суқоймаларынан алыс құрастыру керек.

1.2 Цестодоздар

Иттердің және басқа етқоректі жануарлардың қарастыратын цестодоздардың қоздырушылары Cyclophyllidea — цепень, Pseudophyllidea отрядына — таспа құртқа жатады.

Taeniidae тұқымының цепнилары кеңінен көрсетілген. Иттерде 26, ал түлкілерде 14 тениида тіркелген. Иттер үшін цестодалардың саны әлі толық емес деп айтуға болады, өйткені тек қана Multiceps түріне жататын цестодалардың дефинитивті иелері әлі анықталған жоқ.

Барлық цестодалардың теориялық және тәжірибелік мағынасы анықталғанымен, көбінің биологиясы, патогендік мағынасы және аурудың эпизоотологиясы толық зерттелген жоқ.

1.2.1 Ет қоректі жануарлардың дифиллоботриозы

Ет қоректі жануарлардың дифиллоботриозы Diphylobotriidae тұқымына, Pseudophyllidea отрядына жататын бір неше цестодалардың түрлерімен қоздырылады. Жие дифиллоботриоз қоздырушысымен адам зақымдалады.

Дифиллоботриидалардың барлық түрлері жіңішке ішекте болады. Личинкалар — плероцеркоидтер — қосымша иенің әр түрлі органдармен ұлпаларында паразиттейді.

Қоздырушы. *Diphylobothrium latum* — жалпақ таспа құрт, иттерде ұзындығы 10 м, ені 1,5 см дейін жетеді. Терісі бағалы аңдарда оның ұзындығы орташа 1,5 м дейін жетеді. Сколексі бүйілерден басылған, екі терен ботриялар бар — саңылау. Мүшелері қысқа, бірақ жалпақ бүйірлерде түнге тәрізді 700—800 ұрық бездері орналасқан. Вентральді бетінің ортанғы түзуінде үш жыныс саңылаулары ашылады (аталық, вагина, жатыр). Аналық безі жатырдан соң орналасқан және ол пішіні бойынша көбелекке ұқсайды. Жұмыртқалар сопақша, сұр түсті трематода типті, бір полюсінде қақпақшасы бар. Өлшемдері (0,063...0,073)х(0,042...0,052) мм.

D. minus — кіші таспа құрт, қоныр түсті, ұзындығы 26 см, ені 11 мм дейін. Саңылаулар сколекстен мойын ауданынан мүшелерге жіңішке түзулер түрінде өтеді. Мүшелердің артқы жуан ұштары тісті араға ұқсайды.


D. strictum — жіңішке таспа құрт, ұзындығы 47 см, ені 4 мм дейін жетеді. Жетілген мүшелер созылыңқы келген.

D. tungussicum — тунгусты таспа құрт, ұзындығы 63 см, ені 3,6 мм-дей. Мінезді белгісі қысқа мүшелер. Жұмыртқалар грек жаңғағына ұқсайды, беті тегіс емес, торшалы.

Даму биологиясы. Барлық таспа құртар — биогельминттер. Дамуында үш иелердің түрлері кеңінен қатысады. Дефинитивті иелер — ит, мысық, түлкі, ақ түлкі, сусар, адам. Сирек шошқа да өзіне жұқтыру мүмкін. Арлық иелер — шаян-циклоптар (*Cyclops strenuus* және т.б.). Қосымша иелер – тұшы су балықтары (алабұға (окунь), таутан (ерш), форель, налим (жіңішке тенбіл тісті жыртқыш балық), шортан, хариус, сиг, судак (көксерке), бычок және т.б.).

Сыртқа түскен жұмыртқадан суда 20—25 тәуілік ішінде корацидий дамиды. Корацидий шеңберлі пішінді, кірпікшелермен қапталған және үш жұп ілмектермен қаруланған. Жұмыртқадан шыққан корацидий суда белсенді жүзіп шаяндармен жұтылады. Шаяндарда паразиттің бірінші личинкалық сатысы қалыптасады — процеркоид (14 — 20 тәуілікте). Содан кейін шаяндарды және диаптомустарды балықтар жеп, олардың ішегінен процеркоидтер бұлшық етке, уылдырыққа, бауырға, тері асты клетчаткаға енеді, мұнда ол ұзындығы 8 — 10 мм плероцеркоидқа айналады (инвазиялық личинка).

Дефинитивті иелер плероцеркоидтармен зақымдалған балықтарды жегенде зақымдалады. Иттердің ішегінде жалпақ таспа құрт 13—23, түлкілердің — 16—36, ақ түлкілердің 21—26, адамдың – 60 тәуілікте жынысты жетіледі. Адамдарда гельминттердің өмір сүру ұзақтығы – 29 жыл, иттерде – 394, ақ түлкілерде — 389, түлкілерде — 112, мысықтарда — 21—27 тәуілік (8 сурет).



8 сурет. *D. latum*:

1 – цестода мүшелерінің жалпы түрі; 2 – сколекс (екі саңылауы бар ботриялар); 3 – жетілген мүшелер; 4 – трематода типті жұмыртка; 5 – корацидий; 6 – циклоптар; 7 – процеркоид; 8 – плероцеркоид.

Эпизоотологиялық деректер. Жалпақ таспа құрттың ошақтары Францияда, Швейцарияда, Италияда, Финляндияда, Японияда, Румынияда, Африкада, Солтүстік Америкада кездеседі. РФ және ТМД территорияларында бұл цестодалар үлкен йодты артериялар және суқоймалар бойынша солтүстігінде тараған. Карелияның, Балтияның, Тундраның, Азияның жағдайы жаман аудандары — Таза, Енисей, Ян, Индигирка, Обь, Амур өзендерінің бассейндері. Жие Сахалинда, Таймырск жарты аралында, Тюменьде, Астраханда кездеседі. Бақалар, кесіртке және басқа суыққандылар да процеркоидтармен зақымдалу мүмкіндігі дәлелденген. Олар әртүрлі органдарда паразиттерйді. Кейде таратушы адам болып саналады. Адамда 100 экз көп жалпақ таспа құрттар және 477 экз. тунгус таспа құрты табылған жағдайлар бар.

Патогенез және ауру белгілері. Таспа құрттар — үлкен гельминттер, сондықтан олар жіңішке ішектің қабырғаларына механикалық әсер етеді, осыдан ішектің тартулуы мүмкін. Ботриялармен олар кілегей қабыққа қысым жасайды, сонын салдарынан катаральді ісіктерді қоздырады. Метаболизмнің өнімдері қуатты антигеннің көзі болып табылады, осыдан аллергиялық реакция пайда болады. Ішек микрофлорасының құрамы өзгереді, асқорыту процессінің секрециясы бұзылады, дисбактериоз пайда болады.

V_{12} гиповитаминозына ұшырайды, анемия өркендейді. Иттер мен аңдарда тәбеті болмайды, біреулері естен танады, басқалары — тынышсызданады. Ас қорыту каналының жүйесі бұзылады, іш өту және іш қату пайда болады. Эритропения, гемоглобиннің деңгейі төмендейі, лейкоцитоз немесе лейкопения, эозинофилия болады, жас нейтрофилдердің түрлері көбееді. Күшіктер мен жас жануарлардың өсуі және дамуы тежейді, терісі бағалы аңдардың терісінің сапасы төмендейді.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Зерттелмеген.

Диагностика. Тірі кезде дифиллоботриялардың жұмыртқаларын табу үшін флотацияның әдісін қолданды. Осы мақсатпен қаныққан гипосульфиттің (64 %) ерітіндісін қолданады. Нәжістің гельминтоскопиясын өткізеді, онда гельминттің мүшелерін немесе стробиласының үзінділерін табады. Керек болса өлген жануарларының ас қорыту каналын ашып қарайды. Өзен балықтарына диагностикалық зерттеулер өткізеді, мұнда көкірек қуысын, уылдырықтарын, ішектің бетін, асқазаның, бауырын зерттейді.

Плероцеркоидтер ақшыл-сұр түсті, ұзындығы 6—10 мм-дей, келтірілген органдардың беттерінде немесе уылдырықта, бұлшық етте циста түрінде кездесуі мүмкін. Личинкалар жылы физиологиялық ерітіндіде (28—30 °C) белсенді болады.

Емдеу. Иттердің, мысқтардың және ет қоректілердің дегельминтизациясы үшін бром-сулы ареколинді, фенасалды, бунамидин гидрохлоридін, филиксанды, лопатолды, празиквантелды (дронцит), фебантелді және т.б. қолдануға болады.

Бром-су ареколинді 12 – 14 сағаттық аштықтан кейін сүтпен немесе еттен жасалған фаршпен иттерге 4,0 мг/кг, түлкілерге және ақ түлкілерге 0,01—0,06 г/кг мөлшерінде береді. Фенасалды және оның препаративті формаларды (феналидон, фенапэг) азықпен 150—250 мг/кг мөлшерінде береді. Бунамидинді иттерге фаршпен екі рет 4 күннен кейін 50 мг/кг мөлшерінде береді. Филиксанді 15 кг дейін иттерге 400 мг/кг, ал одан үлкендерге 200—300 мг/кг мөлшерінде екі рет 10 күннен кейін береді. Лопатолды ішке азықпен бірге 100 мг/кг мөлшерінде береді. Празиквантелді (дронцит) барлық ет қоректі жануарларға азықпен 5 мг/кг мөлшерінде беруге болады. Фебантелді дене өлшемі 10 кг жануарға 1 таблетканы немесе 10 мг/кг (ДБ бойынша) мөлшерінде азықпен 3 күн бойы

беруге болады. Оны суда суспензия түрінде қолдануға болады. Дронताल плюс 1таблетканы 10 кг иттергеауыз арқылы береді.

Алдын алу және күресу шаралар. Осы аурудың таралуында адамның және терісі бағалы аңдардың мағынасы зор. Сондықтан аң шаруашылықтарын және дәретханаларды суқоймаларының жанында салуға болмайды.

Аңдардың нәжістерін тығыз жәшіктерге жинап, залалсыздандыру үшін қи жинайтын жерге апару керек. Иттерге, терісі бағалы аңдарға плероцеркоидтармен зақымдалған шикі балықты жеуге беруге болмайды. Оны залалсыздандыру үшін физикалық және химиялық әдістерін қолданады: бір тәуліктен кем емес -15 °С (бір қабат) тоңазыту, балық фаршын вакуумды кептіру, қақтау (вяление) және пісіру. Балық фаршын 1—2% құмырсқа, тұз немесе сорбинді қышқыл ерітіндісімен 6 сағаттан 5 тәулікке дейін, 12 тәулік бойы 2% формалинмен, 5 тәулік бойы 2% натрий пиросульфиттімен консервілеуге болады. Балықты Боме бойынша күштілігі 24° тең тұздықпен тұздаса 7—8 тәулікте личинкалар өледі.

Қатты жұқтырылған балықты техникалық утилизацияға жіберу керек. Плероцеркоидтер уылдырықта 2 тәуліктен кейін 3%-тік тұздықта (100 г уылдырыққа 3 г тұз) , 30 мин кейін 5%-тік тұздықта өледі. 2 кг шортанды таңазытқанда 4 тәуліктен кейін -18 °С ғана личинкалар өледі.


1.2.2 Итпен мысықтардың дипилидиозы

Итпен мысықтардың дипилидиозы *Dipylidiidae* тұқымдасының, *Hymenolepidata* подотрядының цестодасымен туғызылады. Орналасу орны — жіңішке ішек.

Қоздырушы. *Dipylidium caninum* (қияр цепені) — ақшыл-сұр түсті, кейде қызғылт түсті, максимальді енінде 3 мм ұзындығы 40—70 см-дей. Сколексі 4 қатарлы орналасқан ілмектермен қаруланған.

Жыныс органдары жұп, мүшенің бүйірлерінен ашылады. Созылынқы пішінді жетілген мүшелер қиярдың тұқымына ұқсайды, олардың ішінде дөңгелек капсулалар болады (кокон), олардың ішінде оданда ақшыл жұмыртқалар болады — 8-ден 21-ге дейін. Жұмыртқада онкосфера болады, ол үш жұп ілмектермен қаруланған. Жұмыртқалардың диаметрі 0,025—0,03 мм тең.

Даму биологиясы. Дипилидиум — биогельминт, оның дамуында дефинитивті (ит, мысық, түлкі, ақ түлкі және басқа ет қоректілер) және аралық (мысықтың, иттің және адамның бүргесі, иттің жүн жегіші) иелер қатысады. Кейде гельминт адамда паразиттейді (9 сурет).



9 сурет. *D. caninum*

1 – сколекс; 2 – гермафродитті мүше; 3 – цестода мүшелерінің жалпы түрі; 4 – жетілген мүшелер; 5 – жұмыртқалары бар кокондар; 6 – бүргенің личинкасы; 7 – бүрге; 8 – цистицеркоид; 9 – жүнжегіш.

Құрамында кокондар мен жұмыртқалар бар жетілген мүшелер сыртқы ортаға шығады, мұнда оларды төсеніште, қоқыста тұратын және органикалық субстраттармен көректенетін бүргілердің личинкалары жейді. Гельминттің личинкалары бүргенің личинкасында дамымайды. Олар бүргенің куколкасының (күрт-құмырсқаның көбелегі) денесінде дами бастайды, ал инвазиялық сатысына дейін — цистицеркоид — личинка тек қана ересек бүргенің денесінде құралады. Бір бүргеде цистицеркоидтердің саны 50 жетуі мүмкін. Дефинитивті иелер цистицеркоидтармен зақымдарған ересек бүргілерді немесе жүнжегіштерді жегенде зақымдалады. Цестодалар 1,5—2 ай ішінде жынысты жетілу сатысына жетеді. Дипилидиумның өмір сүру ұзақтығы бірнеше айға дейін созылады.

Эпизоотологиялық деректер. Ет қоректілердің дипилидиозы кеңінен тараған. Бүргелерге және жүнжегіштерге қарсы гексахлоран дустын қолдануға тиым салынуымен және басқа инсектицидтер аз

болғанымен подвалдарда және тасталып кеткен үйлерде (қараусыз жүрген иттермен мысықтардың орны) бүргелер көбейіп жатады.

Жануарлар жылдың кез-келген мезгілінде зақымдалады және жануарда бірден бірнеше гельминтке дейін болады.

Патогенез және ауру белгілері. Дипилидиумдар ішектің кілегей қабығына механикалық әсер етеді, осыдан асқорытудың секреторлы-моторлы жүйесі бұзылады. Ішекте цестодалар жиналғасын азықтың өтуі қиындайды. Екіншілік токсокоз пайда болады, асқорытудың жүйесі қараластырады, локусу пайда болады, жас жануарлар жие жүдейді, жүйкелік құбылыстар болады.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Зерттелмеген.

Диагностика. Тірі кезде диагнозды нәжісте құрамында кокондар бар мүшелерді тапқанда қояды. Жеке кокондарды табу үшін нәжісті Фюллеборн әдісі бойынша зерттейді.

Өлген кезде дипилидиумдарды табу үшін ішектің гельминтологиялық ашуды жасайды.

Емдеу. Иттердің және мысықтардың дипилидиозы кезінде фенасалды, фенапэгты, феналидон деверминды, бром-сулу ареколинді, бунамидинді, никлозамидді, празиквантелді және т.б. препараттарын қолданады.

Фенасал, фенапэг, ареколин, бунамидин, празиквантел дәрілеріннің мөлшерлерін ет қоректілер дифиллоботриозы ауруы кезіндегі әдістемесі бойынша береді. Иттермен мысықтарға камалды олардың массасына байланысты 12—14 сағаттық аштықтан кейін ет фаршымен 1—6 г-нан береді. Нитросканатты 100 немесе 500 мг таблетка түрінде шығарады. Оны иттерге 50 мг/кг мөлшерінде азықпен бір рет береді. Мебендазолды 3 күн бойы 40 мг/кг, фебантелді 3 күн бойы 0,01 г/кг (ДВ бойынша) мөлшерінде азықпен бірге береді. Деверминді ұнтақ немесе таблетка түрінде мысықтарға 12 сағаттық аштықтан кейін 250 мг/кг мөлшерінде береді.

Алдын алу және күресу шаралар. Бұл аурудың алдын алу шаралары жануарларды ұстау жағдайлармен тығыз байланысты. Жануарларды ұстау орындарындағының және үйлердегі орындарындағының ветеринариялық-санитариялық жағдайларын асырауын қатан қадағалап отырады.

Тосегіштерін жие ауыстыру және кілемдерін қайнаған сумен жидіту (ошпаривать) керек. Жануарлардың үйшіктерінде және торларында 0,5%-тік карбофостың эмульсиясымен, 1% хлорофостың сулы ерітіндісімен залалсыздандыру жұмыстарын жүргізеді. «Акродекс», «Перол», «Актол» аэрозольдердің нәтижелері жоғары. Осы препараттарды жануарлардың бүргілерін кетіру үшін қолданады. Препарат тері-жүнді бетке жашырату жолымен қондырады. 0,05%-тік перметрин эмульсиясын, 1:1000

эктоминды, 1:200 неостомазанды, 1:1000 энтомозанды қоладудын да жақсы нәтижелері болады.

Қала жағдайларында қараусыз жүрген жануарлармен күресу керек. Тұргын үйлердің подвалдарына және шатырларына (чердаки) бүргелер көбейіп кетпеуі үшін қараусыз жүрген жануарлар кіре алмауы керек.

1.2.3 Ет қоректі жануарлардың мезоцестоидозы


Ет қоректі жануарлардың мезоцестоидозы *Mesoceytoididae* тұқымына, *Mesocestoidata* подотрядына жататын таспа құрттардың гельминттерімен қоздырылады.

Имаго сатысындағы цестода дефинитивті иелердің жіңішке ішегінде, ал тетратиридийлер қосымша иенің — кеуде және құрсақ қуыстарда, диафрагмада, ішіктің және тамырлардың қабырғаларында, жемсау безінде, бауырда, лимфа түйіндерінде паразиттейді.

Қоздырушы. Дефинитивті иелерде бірнеше түрлер, бірақ ең жие *Mesocestoides lincalus* түрі паразиттейді. Стробиланың ұзындығы 2,5 м дейін. Сколексінде ілмектер болмайды. Қап тәрізді жатыры мүшенің ортаңғы түзуінде орналасқан. Гермафродитті мүшелер төртбұрышты, жетілген мүшелер қарбыз тұқымына ұқсайды. Піскен жұмыртқалар жатырдың бастапқы бөлімен қоршап тұрған шар тәрізді органға жиналады. Жұмыртқалар сопақша, мөлдір, жіңішке қабықпен қапталған, олардың ұзындығы 0,039 мм, ені 0,029 мм. Онкосферада үш жұпілмектері болады, ортаңғы жұбы бүйілердегі орналасқандардан ұзын.

Тетратиридийлер (инвазиондық личинка) созылыңқы, алдыңғы ұшы кеңейген, онда ішіне тартылған сорғыштары бар сколексі болады, ал артқы ұшы жіңішкелеу келген. Толық ұзындығы 5—7 см-ден 10—19 см дейін.

Даму биологиясы. Мезоцестоидестер — биогельминттер. Дефинитивті иелер — ит, мысық, қасқыр, борсық, жанат, ақ түлкі, түлкі, сусар, бұлғын және т.б., аралық иелер — орибатты кенелер (*Oribatidae*), қосымша иелер — амфибиялар, рептилиялар, құстар, кемірушілер, сасық күзендер және сусарлар (10 сурет). Осылардың кейбіреулері резервуарлы иелер де болып табылады.



10 сурет. *M. lineatus*

А – цестоданың құрылысы: 1 – цестоданың сколексі; 2 – гермофродитті мүше; 3 – жетілген мүше; 4 – цестодалар тіркелген ішек; Б – аралық иелер: 1, 2 – орибатты кенелер; В – қосымша иелер; Г – резервуарлы иелер; Д – дефинитивті иелер

Ауру жануарлар сыртқы ортаға гельминттің мүшелерін және жұмыртқаларын бөледі, оларды орибатидты кенелер жейді. Кенелердің денесінде 4 айдың ішінде цистицеркоидқа айналады. Содан кейін кенелер азықпен қосымша иенің организмне түседі, онда тетратиридийлерге айналады. Қосымша иелерде (олар 200 түрдей) личинкалар әртүрлі органдарда паразиттейді. Құстарда олар өкпеде болады. Дефинитивті иелер инвазиялық личинкалармен зақымдалған қосымша иелердің етін жегенде зақымдалады. 22—30 тәуілекте гельминттер иттердің және басқалардың ішектерінде жынысты сатысына жетеді.

Эпизоотологиялық деректер. Ет қоректі жануарлардың (ит, түлкі, мысық, ақ түлкі және т.б.) жіңішке ішегінде *M. lineatus*, *M. Htteratus*, *M.*

corti, M. petrovi, M. perlats және т.б. кездеседі. Еуропа елдерінде жиі M. Htteratus түрі кездеседі, оның негізгі иесері — түлкілер және иттер.

Дефинитивті иелер орибатидтердің церкоидтарын жұтады да, содан кейін олардың кеуде және құрсақ қуыстарында тетратиридийлерді табады. Сондықтан, дефинитивті иелер қосымша иенің рөлін ойнады. 14—16 тәуіліктің арасында олар жынысты жетілу сатысына жетеді. Түлкілерде жынысты жетілген мезоцестоидестер күз-қыс мерзімінде өзінің стробиласын түсіріп тастайды (дестробиляция болады), оны көктемде қайтадан бұрынғы қалпына келтіретіндігі анықталған. Терісі бағалы аңдарда 3 айлықтан бастап мезоцестоидоз болады, онымен кәрі жануарлар да ауырады — 7—8 жыл. Ит пен мысықтарда бұл ауыру көбінесе ауыл жерлерде кездеседі, өйткені онда олар инвазияланған кемірушілерден жұқтырады.

Патогенез және ауру белгілері. Ішектің бітелуі, асқорыту хүйесінің бұзылуы, құсу, құтыруға ұқсайтын жүйкелік дерт қозулар (приступы) болады. Қарқынды тетратиридийлермен зақымдалу бұлғын және т.б. жануарларда анемия, азықтан бас тарту, жүдеу және өлім түрінде болады.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Өлген жануарларды ашып қарағанда өлексе жүдеу, кеуде және құрсақ қуыстарында қызғылт сары трансудат болады, кө бауыр үлкейген, өкпенің гиперемиясы ошақты тығызданулармен болады.

Диагностика. Тірі кезінде диагнозды Фюллеборн әдісі бойынша гельминтоскопия және овоскопия арқылы. Қарбызға ұқсайтын жетілген мүшелерімен сараптайды. Жатыры мүшенің ортасында орналасқан созылынқы қапшық түрінде болады.

Емдеу. Ет қоректілердің эхинококкозы және т.б. цестодоз аурылары сияқты емдейді.

Алдын алу және күресу шаралары. Жағдайы жаман шаруашылықтарда жануарларды жерден көтеріңкі торшалы еденде ұстайды.

Иттер мен мысықтарға ұсақ және терісі бағалы аңдардың алдын ала термиялық домдау өткізбей жеуге беруге болмайды.


1.2.5 Мысықтардың гидатигерозы

Ол ауру Taeniidae тұқымына, Taeniata подотрядына жататын таспа құрттармен қоздырылады. Дефинитивті иеде таспа құрттар гельминттері жіңішке ішікте, ал личинка сытысындағылар аралық иенің (кемірушілер) бауырында және сирек кеуде және құрсақ қуыстарында паразиттейді.

Қоздырушысы. Аурудың қоздырушысы — Hydatigera fasciolaris, соңғы жылдарда H. taenia for mis деп аталады. Аралық иелерде личинкалар стробилоцеркоз деп аталатын ауруды қоздырады. Цестодалардың ұзындығы 15 см-ден 60 см-ге дейін, ені 5 мм 6 мм-ге дейін. Дамыған тұмсығы болады, онда 2 қатарлы ілмектер бар — 26 – 52 данаға дейін. Ско-

лексте паразиттің денесіне елеусіз өтетін 4 сорғыштар бар (мойыны болмайды). Жетілген мүшедегі жатырда 16—18 бүйірлік саңылаулар болады. Стробилоцеркустің пішіні цистаға ұқсас (*Strobilocercus fasciolaris*), сарылау түсті, диаметры 10 мм дейін. Цистадан босаған стробилоцеркустың денесі созылыңқы, сколекс қаруланған, стробила өтірк мүшелі, ол көпірік тәріздес құйрық ұшымен қаруланған. Личинканың ұзындығы 5 - 6 см, ені 5 мм дейін. Жұмыртқаның диаметрі 0,031—0,037 мм.

Даму биологиясы. Дефинитивті иелер — үй және жабайы мысық, арыстан, сирек иттер, аралық — егеу құйрық, тышқан, нутрия, ондатра, тиін, қор тышқан және жарқанат (11 сурет).



11 сурет. *H. fasciolaris*:

1 – цестода; 2 – үлкен және кішкентай ілмектер; 3 – жетілген мүше; 4 – *Strobilocercus fasciolaris*; 5 – стробилоцеркустармен зақымдалған бауыр

Аралық иелер дефинитивті иелер бөлген цестодалардың жұмыртқаларын немесе мүшелерін жегенде зақымдалады. Кемірушілердің ішегіндегі жұмыртқалардан босаған онкосфералар құрсақ және кеуде

қуыстарда, бауырда болады, онда шеңберлі цисталар пайда болады (стробилоцеркус).

Дефинитивті иелер кемірушілерді немесе нутрияның және ондатрдың ішкі органдарын жегенде зақымдалады.

Дефинитивті иелерде цестодалар жынысты жетілу сатысына 34—80 тәуілікте жетеді. Өмір сүру ұзақтығы иенің түріне және жағдайына байланысты 7—24 ай.

Эпизоотологиялық деректер. Осы ауруды 20 % үй мысығы таратады.

Бір мүшеде орташа 1606 ± 402 жұмыртқа болады. Жұмыртқалар сыртқы ортаға өте тұрақты. Жылдан жылға қараусыз жүрген иттер мен мысықтар көбейіп жатыр және санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау төмен, сондықтан бұл ауру айналып тарай береді.

Патогенез және ауру белгілері. Патогенездің даму процессі гидатигероз кезінде басқа ет қоректілердің тениидозы сияқты болады.

Бұл аурумен жас жануарлар ауыр ауырады. Жие ішектің бітелуі, асқорыту жүйесінің бұзылуы болады.

Бізбен мынадай жағдай тіркелген, 480 нутриялар ауырып 250 жануарда бірдей ауру белгілері болды: тәбетінің төмендеуі, жүдеу және асқорыту жүйесінің бұзылуы, кейбір кезде жүйке аурулары болады. Өлген нутриялардың бауырында цестоданың 14—15 личинкасын табуға болады, олардың диаметр 10—12 мм дейін жетеді, ал стробилоцеркустердің ұзындығы — 8—10 см, ені 4,5—5 мм.

Диагностика. Диагнозды комплексты қояды: эпизоотологиялық жағдайына қарайды, нәжісін зерттейді. Мысықтарды және аралық иелерді ашып қарағанда, онда таспа құрттарды қарайды.

Емдеу. Мысықтарды және иттерді дегельминтизациялау үшін фенасал, фенапэг, гидрохлорид бунамидин, празиквантел (дронцит), азинокс, камалды басқа цестодоз кездей мөлшерде береді.

Алдын алу және күресу шаралары. Кемірушілерді құрту керек. Мысықтар нутрия, ондатр және тышқандар бар жерге түсе алмауы керек. Байқаусыз жүрген итпен мысықтардың санын қысқарту керек және шаруашылыққа қажетті жануарларды уақытында диагностикалық зерттеулер жүргізу керек және дегельминтизациялау керек.

1.2.5 Иттердің эхинококкозы және альвеококкозы

Итпен басқа етқоректі жануарлардың цестодозы *Taeniidae* тұқымының, *Taeniata* подотрядының таспа құрттармен қоздырылады. Цестодалардың ленталы сатысы дефинитивті иенің жіңішке ішегінде болады, личинкалық (көпіршікті) сатысы — аралық иелердің паренхиматозды және сирек басқа органдарда болады.

Қоздырушы. *Echinococcus granulosus* және *Alveococcus multilocularis* — бұл ұзындығы 2—6 мм ұсақ цестодалар, олар 3—4 мүшеден тұрады.

Сколексы екі қатарлы ілмектермен қаруланған. Эхинококкустарда 36—40, альвеококкустарда 28—32 ілмек болады. Эхинококкустың жатыры жетілген мүшеде қап тәрізді болады, альвеококкустың — шартәрізді. Екі цестоданың жұмыртқалары, дөнгелек, сарылау-сұр түсті, диаметры 0,030—0,036 мм (эхинококкус). Жатырда эхинококкустарды 800-дей, ал альвеококкустарда 300—410 жұмыртқа болады (12, 13 сурет).



Рис.12. *E. granulosus*




Рис.13. *A. multilocularis*

Даму биологиясы. Эхинококкустар үшін дефинитивті иелер — негізінде иттер, қасқырлар, қорқау қасқыр (шакал), түлкілер (факультативті ие). Бірақ альвеококкус үшін ақ түлкі ең тиімді ие (облигатты). Кейбір жағдайларда соңғы ие мысық болуы мүмкін. Эхинококкус үшін аралық иелер — ірі қара мал, қой, түе, шошқа, жылқы және жабайы кәсіпшіліктер (промысловые) (булан, бұғы, елік құралай (косуля) және т.б.).

Альвеококкус үшін облигатты аралық иелер — ондатра, үй тышқан, лемминг, саршұнақ (суслик), мақта егеуқұйрық (хлопковая крыса), тиын, қоян, белка, заяц, құндыз (бобер), нутрия (үй жануарлар факультативті иелер болып табылады). Адам кезкелген жолмен зақымдалу мүмкін, кейде өледі.

Аралық иелер гельминттердің жұмыртқалармен перосальді зақымдалады. Дефинитивты иелер инвазияланған аралық иелердің органдарын жегенде зақымдалады.

Содан кейін эхинококкустар иттермен басқа етқореті жануарлардың ішігінде 68—97 тәуілікте жынысты жетіледі, ал кәрі иттерде бұл мерзім 105 тәуілікке дейін созылады. Альвеококкустар ақ түлкілер мен иттердің ішегінде 32—35 тәуілікте дамиды. Гельминттердің өмір сүру ұзақтығы 5 айдан 7 айға дейін.


Эпизоотологиялық деректер. Негізгі таралу көзі иттер және ақ түлкілер (70-40 % [Саха Республикасы (Якутия)]).

Эхинококкоз кезінде штаммдер анықталған, олар мына кесте бойынша беріледі: ит — қой — ит (қой шаруашылығы дамыған РФ аудандары); ит — шошқа — ит (Белоруссия); ит — жылқы — ит (Англия), ал альвеококкоз кезінде — ақ түлкі — лемминг — ақ түлкі, ит — тышқан тәрізді кемірушілер — ит [Саха Республикасы (Якутия)].

Жұмыртқалары сыртқы орта жағдайларына өте тұрақты. Мысалы, Чукоткада —20 —30 °С температурасында альвеококкустың жұмыртқаларының өмір сүргіштігі 61 тәуілікке, ал жазда 16 және 28 °С олар 42 тәуілікке дейін сақталады. Инвазияның таралуына үлкен рөлін байқаусыз жүрген иттер атқарады.

Альвеококкоз көбінесе аңшы иттерде тіркеледі. Адамдар көбінесе жидек пен саңырауқұлақ жинағанда, ақ түлкілердің және басқа жабайы ет қоректі терісін шешкенде және мұз бен қардың суын пайдаланғанда зақымдалады. Егер шаруашылықтарда ветеринариялық-санитариялық және санитариялық-эпидемиологиялық шаралар өткізілмесе бұл ауру тарай береді.

Патогенез және ауру белгілері. Бұл ауруларда патогенез бірдей. Эхинококкустар ішектердің тіктеріне терең батады, осыдан механикалық әсерін тигізіп, атрофиялық өзгерістерді қоздырады (14 сурет).



14 сурет. Иттің ащы ішектің гистологиялық қиындысы эхинококкустармен

Инвазия жоғары сатыда болғанда асқорыту каналының секреторлы-моторлы жүйесі бұзылады. Соның нәтижесінде тәбеті бұзылады, іш өту, іш кату, жүдеу пайда болады. Жие анустың айналасында қышыну пайда болады. Аңшы иттер тез шаршағыш болады және ізді жоғалтады. Жануардың қанында эритроциттердің саны азаяды, гемоглобинні төмендейді, лейкоцитоз және эозинофилия пайда болады.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Зерттелмеген.

Диагностика. Тірі кезде диагнозды нәжісті Фюллеборн әдісі бойынша зерттейді, онда тегшид типті жұмыртқаларды табады. Дифференциациясы үшін гельминтоскопияны өткізеді. Өлгеннен кейін диагнозды жіңішке ішекте цестодаларды тапқанда қояды. Ол үшін ішектің құрамын шаю әдісімен зерттейді, тұнбасын бинокулярлы лупамен немесе микроскоптың кішкене үлкейтуімен қарайды. Ішектің кілегейін лупаның астында зерттейді.

Емдеу. Эхинококкозды емдеу үшін барлық антгельминтиктерді қолдануға болады.

Празиквантел (дронцит) мен азиноксті бір рет аш диетасыз пероральді азықпен 5 мг/кг мөлшерінде пайдаланады.

Азинпролды (10%-тік азинокстің силиконды суспензиясы) тері астыға 20 мг/кг немесе 0,2 мл/кг мөлшерінде огвердителемен (енгізетін көлемге 5 % дейін) бірге енгізеді. Лопатолды бір рет азықпен бірге 200 мг/

кг мөлшерінде береді. Бром-сулы ареколинды бір рет болтушкамен, сүтпен, ет фаршымен 12—14 сағаттық диетадан кейін 4,0 мг/кг мөлшерінде береді.

Ішекті тез босату үшін тері астына 0,04%-тік карбохолин ерітіндісін егеді (100 мл суға 0,04 г карбохолин). 5—10 кг иттерге 0,6—0,8 мл; 11—20 кг — 0,9—1,5; 21—30 кг — 1,6—2,0 мл ерітіндісін егеді. Карбохолинді еккесін 2 сағат өткен соң ареколинді қолдануға болады. Түлкілерге және ақ түлкіге ареколинді бір рет жеке ет фаршымен 12 – 14 сағаттық аштық диетадан кейін 0,01—0,06 г/кг мөлшерінде береді.

Фенасалды азықпен бірге бір рет 0,25 г/кг мөлшерінде береді. Бунамидин гидрохлоридін таза түрінде қолданады, ол ұнтақ және таблетка түрінде шығады. Ит пен мысықтарға ет фаршымен 4 күндік интервалмен 25—50 мг/кг мөлшерінде береді (ДВ бойынша). Препарат ыстық суда ерітеді. Фебантелді (ринтал) ішке 3 күн бойы азықпен суспензия түрінде дене массасы 10 кг 1 таблетка немесе 0,01 г/кг (ДВ бойынша) мөлшерінде береді.

Алдын алу және күресу шаралары. Шаруашылыққа пайдалы және қызметкер иттердің санын қысқарту керек. Жануарларды паспортаиды, ит пен мысықтардың жоспарлы диагностикалық зерттеулерді және дегельминтизациясын әр квартал сайын өткізеді. Итте эхинококкустар табылса ветеринариялық жұмысшының қадағалауымен итті өлтіреді.

Иттер мен терісі бағалы аңдардың терісін шешкенде арнайлы жерлерде және арнайы киімде жұмыс істейді. Терісін алғаннан кейін еденді 10%-ті хлорлы әкпен залалсыздандырады, нәжісті терен шұңқырға көмеді немесе қайнаға су құяды, жағады.

Аң шаруашылықтарында кемірушілермен күрес жүргізіледі. Жағдайы жаман аудандарда жидектерді, көкіністерді, саңырауқұлақтарды, шөптерді тамаққа қолданудың алдында ыстық сумен немесе пісіргеннен кейін қолданады.

1.2.6 Ет қоректі жануарлардың тениидозы

Иттердің, қасқырлардың және т.б. ет қоректілердің арасында тараған имагинальді тениидоздардан *Multiceps multiceps*, *Taenia hydatigena*, *T. ovis*, *T. Pisiformis* түрлерімен қоздыратындар өте көп, олар личинкалық сатында қойларда және басқа ауыл шаруашылық жануарларда ценурозды, көптеген жануардың, қояндардың серозды бетінің, қойлардың цистицеркозын қоздырады (15 сурет); ал бұғылардың, елік құралайдардың, кемірушілердің және т.б. цистицеркозын *T. cervi*, *T. krabbei*, *T. parenchimatosa*, *T. arctica*, *T. crassiceps* түрлерімен қоздырылады (16 сурет).




Рис. 15 *M. multiceps*:

1 — крючки; 2 — гермафродитный членик; 3 — зрелый членик




Рис. 16. *Taenia krabbei*:

1 — крючки; 2 — зрелый членик, 3 — гермафродитный членик; 4 — цестода

Қоздырушы. Цестодалардың ұзындығы бірнеше сантиметрлерден 4—5 м дейін. Олардың сколексі мен тұмсығы жақсы дамыған, тұмсығында

екі қатарлы хитипизирленген ілмектер бар. Бірінші қатардың ілмектері екіншіден қарағанда үлкен, олардың саны әр түрлі. К. И. Абуладзенің деректері бойынша *T. ovis* ілмектерінің саны 24—36, ал С. А. Шевченконың тәжірибелік материалында (1986) 32—34 болды. Бірақ мына үш жануарларда — ит, түлкі және мысық — олардан алынған гельминттерінің ілмектерінің саны бірдей болды. Гермафродитті және жетілген мүшелерінде заңдылықтары бар, онда саны мен сапасының көрсеткіштерінде ерекшеліктері бар. Жыныс төіпешегінің орналасуы мүшенің алдында, ортасында немесе артта болады және медиальной жатыр түтіктерінен өтетін бүйірлік саңылауларының санында диагностикалық мәні үлкен.

Даму биологиясы. Тениаталардың даму биологиясымен аурудың эпизоотологиясында жалпы ұқсастығы көп деп айтуға болады. Өйткені ет қоректілердің барлығын бірдей гельминт паразиттейді, бірақ ауыл шаруашылық жануарлар үшін, оларда личинкалық сатысы болады, иттің, содан кейін қасқырдың, қорқау қасқырдың немесе басқа жануарлардың (географиялық зонасына сәйкес) адамның шаруашылық қызметінде үлкен мәні бар. Мысалы, оңтүстік Қазақстанда, онда қорқау қасқырлар өте көп, олар мал шаруашылығының жанында жүреді, өлекселерді жейді және қойлар мен ешкілердің арасында ларвальды цестодозын таралуына үлкен әсерін тигізеді. Ставропольск жақтарында осы әсерін қасқырлар тигізеді.

Патогенез. Цестодалар үлкен биомассасымен жіңішке ішектің қабырғаларына және кілегей қабаттарына механикалық әсер етеді. Бұл кезде макро- и микротүктерінің атрофиясы, кілегейдің десквамациясы болады. Дуоденальбі безрер жие өзінің құрылымын жоғалтады, осыдан олардың жүйесі өзгереді. Қарқынды инвазияда гастроэнтерит дамиды, асқорыту каналының секреторлы-моторлы жүйесі бұзылады. Ішектің құрамында сулы иондардың саны көбееді, осыдан гидролаздың белсенділігі төмендейді. Индол, скотол және басқа токсикалық заттар пайда болып, организмге сінеді, сондықтан токсикоз (екіншілік) пайда болады.

Иттің асқазанында гастромукогтротейдтің өндірілуі шамадан төмен болады. Сондықтан азықпен түскен витаминдер онымен қапталмайды, осыдан жануаларда гиповитаминоз дамиды.

пайда болған дисбактериоз, токсикозды күшейтеді.

Қарқынды инвазияда ішектің білетуі кейде қабырғаларының жарылуы болады.

Цестодоздар кезінде иммунитет толық зерттелмеген.

Ауру белгілері. Гельминттің түіне, инвазияның қарқынына, жануар организмінің жағдайына байланысты болады. Көбінесе асқорыту жүйесінің бұзылуы, тәбеттің болмауы, кейде обырлық (прожорливость) болады. Жануарлар жүдейді, түбіт бетінің жарқырауы болмайды, ол сынғыш болады. Ауру күшіктер мазасыз, ұлыи береді, өз орындарын жие

ауыстыра береді, басқа жануарларды тістейді. Жие анустың айналасында қышыма болады, ол кезде отырған иттер сырғанау қозғалыстарын жасайды, құсу, сіңір тарту болады. Қан морфологиясында эритроциттердің саны азаяды, гемоглобин төмендейді, лейкоцитоз және эозинофилия пайда болады.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Толық зерттелмеген.

Диагностика. Ит және басқа ет қоректі жануарлардың тениидозы кезінде диагнозды комплексті қояды.

Тениидоздардың зертханалық диагностикасы үшін Фюллеборн әдісі бойынша нәжісті зерттейді. Онда тениаталардың жұмыртқаларын табады. Гельминтоскопия кезінде жана түскен нәжісті зерттеу керек, олай істемеген жағдайда тениидтердің мүшелері өрмелеп таралып кетеді. Жұмыртқалардың дифференциациясы үшін жеке жағдайларда оларды флюорохроммен 1:1000 – 1:100 000 бояғаннан кейін, люминесцентті микроскопты қолданады. Тірі кезде ең нәтижелі – ол бром-сулы ареколинді қолдануымен диагностикалық дегельминтизацияны өткізу. Өлгеннен кейін жануарларды ашып қарау және жіңішке ішекте цестодаларды табу. Созылмалы тениидоз кезде жіңішке ішектің катаральді ісінуі болады. Гельминттерді тапқан орында ұсақ кілегей эрозиялар, қан ағулар болады.

Емдеу. Цестодоз кезінде және тениидоз кезінде көбінесе бірдей антгельминтиктерді қолданады. Ерекшелік тек эхинококкоз кезде, онда ең нәтижелі дронцит және азинокс. Сонымен қосымша ретінде мына препараттарды қолдануға болады: аминоакрихин, аталық папоротниктің тамыр сабақ экстракті (экстракт корневища мужского папоротника), дихлорофен.

Аминоакрихинді 10 тәуіліктен кейін екі рет 0,2 г/кг мөлшерінде, содан кейін іш өткізетін дәріні беру керек. Аталық папоротниктің тамыр сабақ экстракті желатинді капсулаларда иттің жасына және түріне байланысты 1 – 5 г мөлшерінде. Қолданудан кейін 2—3 сағат өткен соң тұзды іш өткізетін дәрі береді.

Терісі бағалы аңдарға оны 0,5—0,6 мл/кг мөлшерінде береді, бірақ бұл препаратты жүдеу және әлсіз аңдарға беруге болмайды. Дихлорофенді иттерге азықпен бірге береді, бір рет қолдануға арналған мөлшері 0,2— 0,4 мг/кг.

Есте сақтау керек, асқорыту каналының гельминтозы кезінде гастроэнтерит пайда болады. Сондықтан гельминттерді қуып шығарғаннан кейін патогенетикалық терапияны өткізу керек. Ең алдымен азықтандыруын жақсарту керек. Күнде бір мезгілде азықтандыру керек, азық температурасы 38 °С болу керек. Азық витаминдер, микро- және макроэлементтар бойынша баланстанған болу керек. Құрғақ азықпен азықтандырғанда үш еседей жаңа су беру керек.

Мысықтар үшін азыққа Бреккис және Уискас, иттерге — Педигри Пал және Фроликті ұсынуға болады. Бұл азықтар сапалы азықтанудың кепілі.

Гельминтозды иттерге витаминдерді пероральді беру гастроэнтерит кезінде нәтижесі төмен, немесе асқазанда гастромукопротеидтің өндірілуі бұзылады, сондықтан «жаланаш» витаминдер ішектің сіңіру орнына дейін жетпей олар микроорганизмдермен бұзылады. Сондықтан осы кезде витаминдерді парентеральді енгізу керек.

Іш өткізу дәрі ретінде зығырдың тұңбаларын және нәрін, дәрілік бақбақты, пастушьей сумки обыкновенной, үлкен жолжелкенді, тминді және т.б. қолдануға болады. Жабысқақ (вяжущие) дәрілер ретінде қара бузинаны, сұр ольханы, қарапайым пижманы, чаганы, ат қымыздықты, мойылды және т.б. қолданады.

Асқорытуды жақсартатын дәрілер ретінде қарапайым душицаны, тесік зверобойды, басты (репчатый) пиязды, ащы жусанды, перечнды жалбызды, дәріханалық түймедағын, егістік сарымсақты және т.б. ұсынуға болады.

Алдын алу және күресу шаралары. Дегельминтизацияны жие өткізу керек, онда имаго алдындағы сатысындағы гельминттерді айдауға болады, бұдан басқа жануар организмінде патологиялық процесстер дамымайды.

Керкеті шашаралдың бірі қоршаған ортаның дезинвазиясы. Ит байланып тұрған жерін, дегельминтизация өткізген жерлерін ғана емес, сонымен бірге суару ыдыстарын, и и привязи ит, водопойные корыта, айналадағы территорияны залалсыздандыру керек. Иттердің және аңдардың нәжістерін өртейді немесе дезинвазиялайды. Домдау өткізген орындарын бір орнын 1 минуттан кем емес **отпен** күйдіру керек. Соңғы жылдары эхинококкустармен және альвеококкустармен зақымдалған жануарларды жояды немесе тері жабының 3%-тік эстростерила-1 еріндісінде залалсыздандырады.

Нәжісті, жерді, суару ыдыстарды, инвентарьларды залалсыздандыру үшін құрамында 2,7 % белсенді хлоры бар 10%-тік әк хлорын немесе 3%-тік карбатионерітіндісімен 4 л/м² мөлшерінде 5— 7 тәуілік бойы.


Жағдайы жаман шаруашылықтарда жүйкелік қадағалау, ветеринариялық және медициналық қызметкерлерімен әр қашанда шаруашылықтың ветеринариялық-санитариялық жағдайын қадағалау керек.

1.3 Нематодоздар

1.3.1 Ет қоректі жануарлардың токсокарозы

Бұл ауру Anisakidae тұқымының, Ascaridafa подотрядының нематодасымен қоздырылады. Токсокарлар жіңішке ішектің қуысында, кейде бауырдың өт жолдарында және сирек қарын асты безде паразиттейді.

Қоздырушысы. *Toxosara canis* — сұр – сары түсті, аталықтардың ұзындығы 5—10 см, құйрықтың ұшы майысқан, онда екі бірдей спидула болады, аналықтардың ұзындығы 10—18 см. Бас ұшында кутикул ярлы қанаттар болады. Анап (пищевод) пен ішектің арасында асқазан болады, ол бұл түрдің ерекшелігі болып табылады. Жұмырқалар (0,068—0,075 мм) дөңгелек, сұрлау(17а сурет).



17 сурет. Иттердің аскаридалары:

а - *Toxosara canis*; б - *Toxosara leonina*; 1 – алдыңғы ұштар; 2 – аталықтардың құйрық ұшылары

Даму биологиясы. Дефинитивті иелер токсокаралардың — ит, ақ түлкі, түлкі және кейбір басқа ет қоректілер, олар сыртқа гельминттердің жұмыртқаларын шығарады. Нематодалар аскарида типі бойынша дамиды. Жануар алиментарлы жолмен зақымдалады. Бұл паразитінің биологиясының ерекшеліктері бар, оларда эпизоотологиялық мәні болады. Ол мынада, ит зақымдалғаннан кейін 8 күні токсокара личинкаларының бір бөлімі бауырда, өкпеде, бүйректе, бұлшық етте және т.б. органдарда болады, бірақ олар онда дамымайды. Және де личинкалар ересек иттердің организміне көп өмір сүреді. Анадан плацента және қан арқылы күшікке беріледі. Қалған личинкалар келесі буаздыққа дейін сақталады. Бұл процесс ішкі секреция бездерінің гормондарын реттейді деп санайды. Күштертерде токсокарлардың личинкаларын өкпе мен бауырда табады. Трахея арқылы миграция жасағанда личинкалар 20 – 21 тәуілікте жынысты жетілу сатысына жетеді.

Даму биологиясы. *T. cati* және *T. canis* бірдей.

Эпизоотологиялық деректер. Личинкалар жануарда өмір қабілеттілігін зақымдағаннан кейін 385 тәулік сақтайды. Іштегі төлдер тек қана буаздықтың 42 тәуілігінде зақымдалады.

Патогенез және ауру белгілері. Организмде личинкалардың көп болуы ішектің кілегей тамырларын, басқа органдарын және де плацентаны бұзады. Ішектің, өт жолдарының және қарын асты безінің бітелуі болады. Личинкалар иенің органдарына микроорганизмдерді енгізіп, содан кейін гельминттердің метаболизмінің өнімі аллергиялық және токсикалық әсер тигізеді.

Тәбеті төмен, жүдеу және т.б. белгілер байқалады. Личинкалар адам организмінде ауыр аллергиялық реакцияны тудыруы мүмкін, соның салдарынан пневмония, бұлшық ет аурулары, астма, бауырдың ұлғайуы, кейде жүйке жүйесінің бұзылуы болуы мүмкін.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Токсокаралар геморрагиялық энтерит, язва, кілегей қабықшасының атрофиясын, ал кейде ішектің жарылуын тудырады.

Диагностика. Тірі кезде Фюллеборн әдісі бойынша гельминтоовоскопияны өткізеді. Өлгенде ішекті ашып қарайды.

Емдеу, алдын алу және күресу шаралары. Токсаскаридоз кезде сияқты болады.

1.3.2 Ет қоректі жануарлардың токсаскаридозы

Ascaritlae тұқымының, Ascarkhita подотрядының нематодасымен қоздырылады. Локализациясы — жіңішке ішек.

Қоздырушысы. Toxascaris Iconina — сұр – сары түсті, бас ұшында жіңішке бүйір қанаттары болады. Аталықтарының ұзындығы 4—7 см, оларда құйрығы келе-келе жіңішкерееді, құйрығында екі бірдей спикулалар болады. Аналықтарының ұзындығы 6—10 см, вульвасы дененің алдыңғы бөлімінде ашлады. Жұмыртқалар дөнгелек, қабығы жуан, тегіс, ақшыл – сұр түсті, диаметрі 0,075—0,085 мм (17, 6 сурет).

Даму биологиясы. Токсаскаридалар түзу жолмен дамиды. 3—6 тәулікте, егер оптимальды температура (30 °C) және керекті ылғалдыдық болса, жұмыртқадан инвазиялық личинка дамиды. 42 тәуліктен кейін ішек жолдарында нематодалардың жас пішіндері көріне бастайды, 74 тәуліктен токсаскаридалар жұмыртқаларды өндіре бастайды. Резервуарлы иелер тышқандар.

Эпизоотологиялық деректер. Токсаскаридоз қоздырушысымен 3 – 6 айлық және одан да үлкен жануарлар зақымдалады. Антисанитариялық жағдайлар төмен болғандықтан бұл ауру өршіе береді.

Патогенез және ауру белгілері. Токсакарозге қарағанда клиникалық белгілер нашар білінеді. Бұл ауру кезде секреция, азықты қорыту және сіңіруі бұзылады. Содан анемия, жүдеу, кейде тәбеті болмайды. Иммунитет зерттелмеген

Патологоанатомиялық өзгерістер. Токсокарозге ұқсас.

Диагноз. Тірі кезде нәжісті Фюллсборн әдісі бойынша зерттейді, ал өлгенде ішектің гельминтологиялық ашуын жасайды.

Емдеу. Нилверм ересек иттерге азықпен бір рет 0,020 г/кг, күшіктерге екі рет 24 сағаттан кейін — 0,010 г/кг 1% сулы ерітіндісі ретінде (1 мл/кг), мысықтарға 0,01—0,015 г/кг береді. Тетрамизол гранулят 20%-дық иттермен мысықтарға азықпен бір рет 0,05 г/кг. Пирантел тартрат азықпен бір рет 0,008—0,01 г/кг. Мебенвет гранулят 10%-дық иттерге 0,6 г/кг және т.б.


Алдын алу және күресу шаралары. Үйшіктер таза және едендері торшалы болу керек. Жылына екі рет дегельминтизацияны өткізу керек және т.б.

1.3.3 Ет қоректі жануардың анкилостоматидозы

Бұл паразиттер нематода класына, Ancylostomatidae тұқымына, Strongylata подотрядына жатады. Ол екі ауруды тудырады: унцинариоз және анкилостомоз. Осы паразиттер ішектің жіңішке ішек бөлімінде тіршілік етеді.

Қоздырушысы. Uncinaria stenocephala — ақшыл-сары түсті, ұзындығы 16 мм, үлкен ауыз капсуласы болады, ішінде екі хитинді тістер орналасқан. Аталық паразиттердің құйрығының шетінде үшлопасты бурса және екі бірдей спикулалар болады. Аналықтардың соңында өткір тікенек болады. Жұмыртқалары сұр, сопақша, ұсақ, өлшемдері (0,078...0,076)х(0,044...0,059) мм.


Ancylostoma caninum — ұзындығы 21 мм дейін. Ауыз қуысы үлкен, хитинды пластинка болады, олардың шеттерінде үш ілмек тәрізді тістер орналасқан, жұмыртқалар ұсақ (0,06...0,08)х(0,04...0,05) мм, ішінде — бластомералар (18, 19 сурет).



18 сурет. *Uncinaria stenocephala*:

1 – нақты ұзындығы; 2 – паразиттің басының ұшы; 3 – аталықтың құйрық ұшы; 4 – жұмыртқа

Даму биологиясы. Соңғы иелер — ит, мысық, түлкі, ақ түлкі, еноттар және теңіз мысықтары (унцинарий үшін). Зақымдалған жануарлар сыртқы отраға жұмыртқаларды бөледі, олар екі рет түлейді және 15—30 °C 7—14 тәулік ішінде инвазиялық сатысына жетеді. Жануар екі жолмен зақымдалады: пероральді — зақымдалған личинкаларды азықпен, сумен жұтады. Перкутантты — жануарлардың терісі арқылы личинкалардың белсенді енуі. Бірінші жағдайда олардың личинкалары толық жынысына дейін ішекте дамиды ↓ қан тамырларына түседі ↓ жүректің оң қарыншасына түседі ↓ кіші қан айналым шеңбері арқылы өкпеге, бронх, кеңірдекке түседі ↓ сілекеймен жұтылып жіңішке ішекте дамиды. Унцинарийлер 12 — 23 тәуіліктің ішінде толық жыныс сатысына жетеді. Тері арқылы зақымдалған кезде анкилостомалар дамуы 4— 6 тәулікке кеш ауыз арқылыға қарағанда. Жануарлар организімінде паразиттер 1 – 2 жыл өмір сүреді.



19 сурет. *Ancylostoma caninum*:

1 – нақты ұзындығы; 2, 5 – паразиттің басының ұшы вентральді және латеральді жағынан; 3 – аталықтың бурсасы; 4 – жұмыртқа; 6 – аналықтың құйрығының ұшы
(А.М.Петров бойынша)

Эпизоотологиялық деректер. Түлкі төлдері 1,5—2 айлық жасында зақымдалады. Унцинариоз баолық жерлерде кездеседі, ал анкилостомоз жылы және ылғалды климат жерлерде кездеседі. Оңтүстік Сахалинде теңіз шошқалар көп зақымдалады, өлімге ұшырайды. Үлкен тастар бар жерінде паразиттер инвазиялық сатысына жетпейді, өйткені күн сәулесінің тік сәулелері оларды өлтіреді. Ересек жануарлар инвазияның таратушылары деп саналады.

Көбінесе байланып тұрған иттер ауырады.

Патогенез және ауру белгілері. Тері арқылы личинкалар көптеген ұсақ тамырларды, ұлпаларды, органдарды зақымдайды. Ауру жануарлардың тәбеті болмайды, іш өту, кейде іш қату болады, ал нәжісінде қан байқалады. Перкутантты кезде терінің ауырсынуы және қышынуы болады.

Иммунитет зерттелмеген.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Лимфа түйіндері үлкейеді, бұлшық еттің ісінуі және бауырдың, бүйректің, жүректің майлы өзгеруі болады.

Диагностика. Тірі және өлі кезде қояды. Тірі кезде Фюллеборн әдісі арқылы, ал өлгенде ішекте анкилостоматидаларды табады.

Емдеу. Ит және терісі бағалы аңдардың аскаридатозы кезіндей.

Алдын алу және күресу шаралары. Терісі бағалы аңдар шаруашылығында торлары жерден жоғары және едені торшалы болу керек. **От** шаммен торларын күйдіру керек. Өскен шөпті ереже түрде шабу керек.

1.3.4 Терісі бағалы аңдардың кренозоматозы

Crenosomatidae тұқымының, Strongylata подотрядының нематодаларымен қоздырылады. Гельминттер бронх және трахеяда паразиттейді.

Қоздырушы. *Crenosoma vulpis* — нематода, алдыңғы ұшы кутикулды паразиттің денесіне салбырап тұрған сақина тәрізді құрылымдармен қаруланған. Аталығының ұзындығы 3,5—5 мм, құйрық ұшы кутикулярлы бурсамен қаруланған, ұзындығы 0,370 мм екі бірдей спикулалар, рулек болады. Аналықтың ұзындығы 12—15 мм, құйрықтың жоғарысында бүйірлерінде екі сорғыш орналасқан, вульва — дененің ортасына жақын. Аналықтар тірі туушылар, личинкаларының ұзындығы 0,264—0,340 мм және ені 0,016—0,022 мм (20 сурет).



20 сурет. *C. vulpis*:

1 – аталықтың алдыңғы ұшы; 2 – аналықтың артқы ұшы; 3 – аталықтың артқы ұшы; 4 – спикула; 5 – рулек

C. taiga бірінші түрге ұқсас. Аталықтың ұзындығы 6—7 мм, аналықтың — 13—15 мм. Вульва денесінің алдыңғы ортасында орналасқан, сақиналы құрылымды артқы ұштар ұсақ тікенектермен қаруланған.

Даму биологиясы. Дефинитивті хозьева — түлкі, ақ түлкі, уссуриялық енот, барсук (*C. vulpis*), соболь, норка (*C. taiga*). Сусарда *C. Petrowi* түрі паразиттеуі мүмкін.

Аралық иелер панцирлі және панцирсыз жер моллюскалар: *Agriolimax agrestis*, *Arion intermedius*, *Succinea putris*, *Eulota fruticosa* және т.б.

Тірі туушылар.

Түлкілер моллюсктерді жегенде зақымдалады. Ас қорыту тракте моллюсктер қорытылады, ал босанған личинкалар ары қаратай мезентериальды лимфа түйіндеріне барып, кеуде жолдары арқылы жүректің оң қарыншасына түседі, ал одан өкпеге. Мұнда олар қан тамырларынан шығып, ауа өту жолдарында және бронхтарда жынысты жетіледі. жынысты жетілу үшін 18—21 тәулік керек.

Эпизоотологиялық деректер. 3 – 7 айлық күшіктер қабылдағыш. Көбінесе қыркүйек-қазан айларда болады, содан кейі томендейді, қантардан жаздың екінші жартысына дейін тіркелмейді. Күшіктер 2 -2,5 жаста ауыра бастайды. сондықтан бірінші клиникалық белгілер шілде айында тіркеле бастайды.

Иммунитет зерттелмеген.

Патогенез және ауру белгілері. Кренозомдар өзінің тікінектермен дем алу жолдарының кілегей қабықшасына механикалық зақым әкеледі. Түлкі кренозомозы жіті, кейде субклиникалық өтеді. Ауруларда жотел, түшкіру, тәбеті төмендейді және т.б. болады. Кейде анемия, өте жүдеудің салдарынан жануар өледі.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Өлгендерді ашқанда өкпе ұлпаларында трахея мен бронхтар ісінген, эмфиземалар т.б. болды. Бронхпен трахеяда қанды кілегей көп болады.

Диагностика. Тірі кезде нәжісті Берман әдісі арқылы зерттейді. Өлгенде бронх пен трахеяны ашып қарайды және микроскоп немесе бинокулярлы лупа арқылы қарайды.

Емдеу. Емдеу толық емес. Иод ерітіндісін қолдануға болады. Егерде қазіргі антгельминтиктерді — тиабендазола, фенбендазола, дронцита, ивомека және т.б. қолдану нәтижесі жақсырақ боладын шығар.

Алдын алу және күресу шаралары. Шараның маңызы дефинитивті және аралық иелердің арасында байланысты үзу. Ол үшін аңдарды торшаларда тошалы еднде, жерден жоғары ұстайды.

Ветеринариялық-санитариялық шараларды өткізу керек. Моллюсктер кіріп кетпеу үшін жерден барін алады, ағаштарды кеседі.

1.3.5 Ет қоректі жануарлардың спироцеркозы

Ит пен терісі бағалы аңдардың спироцеркозы *Thelaziidae* тұқымының, *Spirurata* подотрядының нематодаларымен қоздырылады. Бұл нематодалар өңештің, қарынның, аортаның өкпенінің, лимфа бездерінің ісіктерінде және түйіндерінде паразиттейді.


Қоздырушы. *Spirocerca lupi* — итте, қасқырда, түлкіде паразиттейді. Ірі, қызыл түсті нематодалар. Аталықтың ұзындығы 30—54 мм, бұнда екі

бірдей емес спикулалар болады, аналықтар — 54—80 мм. Вульвасы денесінің алдыңғы бөлімінде орналасқан.

S. arctica — иттерде, ақ түлкілерде, ақ тышқанда (горностай). Аталықта екі әртүрлі спикулалары болады, ұзындықтары 0,826—0,838 және 0,292—0,296 мм. Аналықтың ұзындығы 9,5—12,5 мм вульвасының саңылауы денесінің ортасына қарай ашылады.

S. vigisiana Батыс Сібір корсақтарында паразиттейді. Жұмыртқалары ұсақ, мөлшерлері (0,035...0,039)х(0,014...0,023) мм, ішінде личинкалар орналасқан.

Даму биологиясы. Спироцерктер — биогельминттер. Дефинитивті иелер — ит, түлкі, қасқыр және т.б., аралық иелер — қоңыз-копрофагтар *Scarabeus sacer*, *Copris lunaris*, резервуарлы иелер — құстар, рептилиялар, амфибиялар, балықтар, жарқанаттар, кірпілер, ақ тышқандар.



21 сурет. *Spirocerca lupi* даму биологиясы:

1 — нематоданың жалпы түрі; 2 — өнеш кілегейінде (спироцерктермен) ісік тәріздес құрылулар; 3 — нематода басының ұшы; 4 — аталық құйрығының ұшы; 5 — жұмыртқа; 6 — қоңыздар; 7 — резервуарлы иенің денесінде инкапсулданған инвазиялық личинка

Ауру жануарлар сыртқа нәжіспен жұмыртқаларды бөледі, оны қоңыз жұтады, қоңыздың ішегінде жұмыртқадан личинка шығып, құрсак

қуысына енеді, онда екі рет түлеп, 3 сатысында инвазиялық личинкаға айналады. Дефинитивті иелер осы зақымдалған қоңызды жұтып спироцеркозбен ауырады. Осы аурудың екінші зақымдалу жолы. Қоңызды резервуарлы иелер жұтады, оның денесінде личинка цистаға айналады және көп уақыт сақталады. Ал ет қоректі жануарлар оларды жеп спироцеркозбен ауырады. Личинкалар ішектен қан арқылы қолайлы жерге барады, онда 4,5—5 ай ішінде толық жынысты сатысына жетеді.

Эпизоотологиялық деректер. S. Lurі – Ресейдің оңтүстік аудандарда, Орталық Азияда, Қазақстанда және Украинада тараған. Иттердің 50—60 % осы аурумен зақымдалған. Басқа екі түрі осы елдердің солтүстік аудандарда тараған.

Патогенез және ауру белгілері. Аурудың патогенезі гельмиттердің орналасу орнынан, санына, иесінің реакциясына байланысты болады. Ісік мөлшері тары дәнінен қаз жұмыртқасына дейін болады.

Ауру белгілері иттер мен түлкілерде әртүрлі мекендейтін жеріне, мөлшеріне байланысты болады. Егер ісік аортада болса, ол қан айналымын бұзады, тамырларын жарады және жануар өледі. Егер өңеште – сілекей ағу, құсу, жұту акті бұзады. Егер кеңірдек тамырларының бифуркациясының жанында болса, жөтел пайда болады. Итте жалған құтыру болады. Егер ісік жарылса, онда гельминттер өңештен, қарыннан кеуде немесе құрсақ қуысына түсіп плеврит немесе перитонитті.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Зерттелмеген.

Диагностика. Диагнозды комплексті қояды. Нәжісті Фюллеборн әдісі арқылы зерттейді.

Емдеу. Жетілдірілменген. Бірақ, тиабендазол, фенбендазол, дронцит, ивомек, цидектин, тетрализол, және т.б. дәрілерді қолданып көруге болады.

Алдын алу және күресу шаралары. Аң кеншар территориясын жүйелік жинау, нәжісті жинап арнайы биотерметриялық залалсыздандыру орындарына апару, қоңыздарды, кемірушілерді және т.б. резервуарлы иелерді ит және терісі бағала аңдар тұратын жерге жібермеу керек.

1.3.6 Иттердің және терісі бағалы аңдардың дирофиляриозы

Дирофиляриоз ауруы Filariidae тұқымының, Filariata подотрядының дөңгелек гельминттерімен қоздырылады. Бұл паразиттер он жақ қарыншада, жүрекшеде, сирек сол қарыншада және өкпе артериясында мекендейді.

Паразиттердің D. Repens түрі тері асты клетчаткада мекендейді.

Қоздырушысы. D. imrnitis и D. repens — ірі гельминттер, түсі ақшыл-сары, алдыңғы және артқы ұштары жіңішке болып келген. D. immitis ауыз тесігі кішкентай, өңеші цилиндр тәрізді. Аталықтың ұзындығы 120—180 мм, ені — 1,124—1,286 мм. Екі бірдең емес спикула болады. Аналықтың ұзындығы 250—300 мм, максимальді ені 0,750—1,514


мм. Вульва алдыңғы ұшынан 1,654—2,762 мм қашықтықта орналасқан. Құйрықтың ұшы иілген. Личинканың (микродирофилярия) ұзындығы 0,220—0,280 мм және ені 0,005—0,007 мм.

D. repens мөлшерлері кішкентай. Аталықтың ұзындығы 48—70 мм, аналықтың 100—170 мм.

Даму биологиясы. Дирофилярияның дефинитивті иесі— ит, қасқыр, түлкі және т.б. ет қоректілер, аралық — *Anopheles*, *Culex* және *Aedes* түрінің сарымасалары.

Аналықтар тірі туатындар – олар қанға личинкаларын кешке, түнде салады, осы личинкалар сары масаның қанына түсіп, метаморфозға айналады. 11—12 тәуілік өткен соң, зақымдалған личинкалар басына барады және ауыз аппаратында жиналады. Қан сорған кезде личинкалар сары масаның еріндерін жарып, жануар организміне енеді. Тері ішінен личинкалар лимфа және қан арқылы жиналатын орнына барады.

Кейбір зерттеушілердің айтуы бойынша, бұлге аралық ие болуы мүмкін. Личинкалар теріден жүрекке миграциясы 85—120 тәуілікке созылады. 8—9 ай ішінде личинкалар жынысты жетіледі, 2—3 жыл сол жерде өмір сүреді (22 сурет).



22 сурет. *D. immitis* даму биологиясы:

1 – дирофиляриялар иттің жүрегінде; 2 – гельминттің басының ұшы; 3 – аналықтың құйрығының ұшы; 4 – аталықтың құйрығының ұшы; 5 – жұмыртқалар мен личинкалар; 6 – сары масалар мен бүргелер

Эпизоотологиялық деректер. *D. repens* адамның тері асты клетчаткасында паразиттеуі де мүмкін, ол Нечерноземьеде, Краснодар

елдерінде, Украинада кездесті. Жануарлардың біріншілік зақымдалуы сары масалардың ұшуымен басталады, ал аяқталуы күздің кешінде болады. Нематодалардың личинкалары 80—120 және оданда көп тәуіліктер бойы қанмен айналып жүреді, сондықтан қансорғыш жәндіктермен бұл қоздырғышты таратуға тиімді жағдай туғызып жатыр.

D. gerens қоздыратын дирофиляриоз бірнеше жыл бойы созылмалы түрде өтеді. Кейбір деректер бойынша бұл гельминттің личинкалары жас иттерде (1 жылға дейін) табылмайды. Сары масалар қарқынды зақымдалған кезде жәндіктердің 50 % өледі, өйткені личинкалар олардың өмірге қажетті мүшелерін және ұлпаларын бұзады. Иммунитет зерттелмеген.

Патогенез және ауру белгілері. Дирофиляриялар жүректің он жақ жүрекшеде, қарыншада, өкпе артериясында мекендеп, қанның қалыпты айналымын бұзып, ісінуге, сұйық жиналуына соқтырады. Осыдан асфиксия пайда болып, жануар өледі. *D. gerens* бас аумақтарында және аяқта паразиттесе, онда зақымдалған жерлер папулезді дерматоз түрінде болады. Кейде жие құрғақ жөтелу, жие-жие дем алу, жүдеу, енжарлық болады. Егер тері зақымдауы өте жоғары болса, онда жүйке жүйенің перифериялық жүйесі зақымдалады, мойынның қисаюы пайда болады немесе аяқтардың салдануы болады. Егер иттер жұмыс істесе (ауыр) өледі.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Зерттелмеген.

Диагностика. Тірі кезде эпизоотология деректеріне және ауру белгілеріне қарап қояды. Бірақ қорытындыны личинкаларды тапқаннан кейін қоямыз. Ол үшін кешкі ауқытта периферикалық қанды физ ерітіндісімен (1:2) араластырып, микроскоп арақылы қарайды. Немесе Романовский—Гимза бойынша жұғынды дайындауға болады.

Өлгеннен кейін нематодаларды табу үшін, олардың орналасу орындарында бөліктің гельминтологиялық тіліп ашуды жасайды.

Емдеу. Толық өңделмеген.

Алдын алу және күресу шаралары. Химиопрофилактиканы өткізеді, ол личинкалар көшіп қонбау үшін арналған. Сары масалар жаппай ұшқаннан кейін 20 — 25 тәуілік өткен соң тері астыға ивомекті 1 мл/50 кг мөлшерінде 30 күн аралығында 3 рет егеді.

Шетел авторлардың деректері бойынша, иттер жағдайы жаман аудандарға түскен күннен бастап дихтилкарбамазинцитратты қолдануға болады, күн сайын азықтандырғаннан кейін 5 мг/кг мөлшерінде. Бұл препаратты қолдануын тоқтатады, егер бұл ауданнан кеткеннен кейін 60 тәуілік өткенде. Ал егер бұл ауданда ит қалатын болса, онда препаратты сары масалардың белсенді ұшуы төмендеген кейін 60 тәуілік өткесін беруді тоқтатады.

Жануарларды сары масадан қорғау үшін шошытатын заттарды немесе инсектицидтерді қолданады. Жануарларды және тұратын орындарын өңдейді. Ол үшін 1% дифостың сулу эмульсиясын (ВДМ), (ДУК), (ЛСД) қондырғының көмегімен қолданады. Гексахлоранды

түтіннің эффектілігі жоғары, ол Г-17 шашкаларын жаққанда алынады. Жануарлар үстін кеш түскенге дейін 0,5% дибром ерітіндісімен, 0,025—0,05% перметрин эмульсиясымен шашыратады (1 жануарға 100—150 мл). Сары масалардың личинкаларын жою үшін 0,005—0,02% дифостың (20—50 г ДВ 1 га ауданға), сульфидофостың — 40—100 г/га, бактокулицидтың сулы эмульсиясын — 0,5—2 кг/га қолданады.

1.3.7 Ет қоректі жануарлардың диоктофимозы

Иттер мен басқа ет қоректілердің диоктофимозы *Diocetophymidas* қымына, *Diotophymata* подотрядына жататын нематодамен қоздырылады. Бұл паразит бүйрек қалқаншасында, несеп шығу жолдарында, несеп көпіршігінде, құрсақ қуысында, кейде бауырда, қантамырда, жүректе тіршілік етеді.

Қоздырушысы. *Diocetophyme renale* — қызыл түсті нематода, дене пішіні цилиндр тәрізді. Аналық құйрығы иілген. Аталық құйрығы қонырау сияқты бурсамен бітеді, ішінде бір спикула орналасқан.

Аталықтың ұзындығы (140—401) мм, аналықтың 200 мм 1 м дейін, ені 5-тен 12 мм дейін. Жұмыртқалардың мөлшері (0,077...0,083)х(0,045...0,047) мм, сырты тегіс емес, ойықты.

Даму биологиясы. Диоктофимоздың қоздырушысы — биогельминт, олардың дамуында дефинитивті иелер — ит, терісі бағалы аңдар, т.б. және аралық иелер — *Branchobdellidae* тұқымының құрттары. Осыдан басқа, резервуарлы иелер болады — балықтар, олардың денесінде личинкалар бекіліп, көп уақыт өмір сүреді.


Гельминттің жұмыртқалары ауру малдың несепімен сыртқа шығады, 3 сатылы личинка дамиды. Содан кейін жұмыртқаларды жердегі құрттар жұтады, ішегінде личинкалар жұмыртқадан шығып, қан тамырларына еніп, 4 рет түлейді және инвазиялық сатысына жетеді.

Дефинитивті иелер құрттарды немесе шикі балықты жеп зақымдалады. Түскен личинкалар жылжып бауырға, құрсақ қуысына, одан бүйрекке барады.

Эпизоотологиялық деректер. Дефинитивті және аралық иелер көп болғандықтан олар кен таралады. Осы аурумен адам және ІҚМ зақымдалған. Бұл ауру Кавказ, Орталық Азия, Қазақстан, Карелия, Сібір елдерін жиі кездеседі.

Иммунитет зерттелмеген.

Патогенез және ауру белгілері. Миграция жасаған кезде әсіресе ішектен бүйрекке ішектің кілегейінің зақымдалады, көбінесе қан тамырларының кілегейі зақымдалады және бүйрекке жиналып, үлкен мөлшерлерге дейін жетеді. Сол мүшелерінің атрофиясын тудырады. Осы нәтижесінде бүйректің қабығы ғана қалады. Созылмалы кезде көбінесе несеп көпіршігі, бүйрек, жүрек зақымдалады (23 сурет).



23 сурет. *Dioctophyme renale* зақымдалған иттің бауыры. (К.И. Скрябин бойынша)

Клиникалық белгілерге жүйке жүйесінің бұзылуын жатқызуға болады, кейде жалған құтыру болады. Зақымдалған бүйректің аймағында ауырсыну байқалады. Несеп қан аралас, ірінді және бөлек – бөлек болып шығады. Перитонит болуы мүмкін.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Зерттелмеген.

Диагностика. Тірі кезде, несепті зерттейді. Ол үшін несепті үш рет (таңертен, түсте, кешке) жинағанын араластырып орташа бөлігін алады. Оны сумен бұлғайды 1:1, 10 – 15 минут тұндырады. Тұнбаны микроскоп арқылы зерттейді немесе центрифугтайды. Өлген кезде өлексені ашып, қарайды және мүшелерде гельминттерді табады.

Емдеу. Толық өңделмеген. Ауыр жағдайларда гельминттерді хирургиялық жолмен алады. Ивомек, празиквантел, левамизол және т.б. қолданып көруге болады.

Алдын алу және күресу шаралары. Алдын алу шаралары спироцеркоз ауруында сияқты.

1.3.8 Ит және терісі бағалы аңдардың трихоцефалезы

Ит трихоцефалсзы нематоданың екі түрімен қоздырылады. *Trichoscephalidae* тұқымының сипаттамасы ішектің жуан бөлімі кілегейлі зақымдалуымен болады. Соқыр немесе жиек ішекте болады.

Қоздырушы. Иттер мен түлкілерде жүн жегіштің екі түрі болады: *Trichoscephalus vutpis* және *T. gcorgicus*.

Алдыңғы ұшы жіңішке, ал артқы жуандау, ұзындығы 3,8 - 7,5 см. аталықтың құйрығы өткір емес шенберленген конус сияқты. Спикула біреу, ұзын, дистальды ұшында өткірлеу, спикулярлы қынап болады, оның сырты тікенектермен жабылған. *T. gcorgicus* спикуласының ұзындығы 2,12—2,86 мм, *T. vulpis* 8,31—11.10 мм. Жұмыртқалардың өлшемдері (0,083...0,093)х(0,037...0,040) мм.

Даму биологиясы. Трихоцефцлюстер — геогельминтер. 25—26 тәуілікте жақсы жағдайлар болса (24—26 °С) жұмыртқада инвазиялық личинка дамиды. Жұтқанда зақымдалады. 30—107 тәуілікте ол жынысты желген сатысына дейін жетеді. Нематодалардың өмір сүргіштігі бірнеше ай.

Эпизоотологиялық деректер. Нашар зерттелген. Ауру қала және аулдағы иттерде кездеседі, бірақ көбінесе жастар ауқырада.

Иммунитет зерттелмеген.

Ауру белгілері. Жүдеу, шаршау, әлсіреу, асқорыту каналының бұзылуы, іш ауырсынады, жас жануарлардың өсуі тежейді.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Зерттелмеген.

Диагностика. Тірі кезде нәжісті Фюллеборн әдісі арқылы зертейді, өлгенде ішектен трихоцефалюстерді тапқанда нақты қояды.

Емдеу. Нилверм, тетрализол гранулят және т.б. антгельминтиктерді басқа нематодоздарда сияқты сол мөлшерде қолданамыз.

Алдын алу және күресу шаралары. Күтімін, тазалығын және азықтандыруын қадағалау керек, ал қалғандары басқа нематодоздарда сияқты шаралар болады.

1.3.9 Ет қоректі жануарлардың трихинеллезы

Trichinellidae тұқымының домалақ гельминттерімен қоздырылады. Ересек трихинеллалар жануардың, адамның — жіңішке ішекте, ал личинкалар — көлденен жолақты бұлшық етте паразиттейді.

Қоздырушы. Ет қоректі жануарларда *Trichinella spiralis* және сирек — *T. pseudospiralis* паразиттейді.

Трихинеллы — ұсақ нематодалар, аталықтардың ұзындығы 1,4—1,6 мм, аналықтар — 3—4 мм. Аталықтарда спикулалар жоқ, аналықтың вульвасы дененің алдыңғы жағында орналасқан, тірі туушылар.

Даму биологиясы. Шошқаларға ұқсас.

Эпизоотологиялық деректер. Ресей және ТМД еуропа елдерінде ит, қасқырлар, түлкілер, Сібірде — қасқыр, аю, солтүстік Кавказда және узбекистанда — корсақтар, шакалдар, түлкілер. Ал Таяу Шығыста еңот типті иттер және ақ түлкілер көп зақымдалған. Елдің бөлек аудандарда қасқырлар 90 % дейін, Гренландияда 27,7 % ақ аюлар, Аляскада — 50 % қоныр аю, 0,8 % морж, 40 % қасқыр, 35,3 % полярлы түлкілер, 0,9 - 4,3 %

тышқан тәрізді кемірушілер және т.б. мышевидных кемірушіов и т. д. зақымдалған.

Патогенез және ауру белгілері. Қарқынды инвазияда ауру белгілері зақымдалғаннан кейін 3—5 тәулікте көріне бастайды, температура жоғарлайды, іш өту, тәбеті тез нашарлайды және жүдейді. Бұлшық еттердің ауырсынуы, діріл, қозғалу координациясы нашарлауды тіркейді. Иммунитет зерттелмеген.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Жоғары қарқынды инвазияда қанқа бұлшық еттерінде ұсақ, тығыз, ақшыл – сұр түсті капсулалар ішінде трихинеллар болады. Кейде тері асты мойын және бас клетчаткасының ісінуі болады. Жіңішке ішектің кілегей қабықшасы гиперемияленген, онда қан ағулар болады.

Диагностика. Диагноз комплексты қойылады. Тірі кезде жануарды тірі личинкаларда микропреципитация реакциясын өткізуге болады. Өлгеннен кейінгі трихинеллоскопия қарапайым әдісімен өтеді. Зерттеу материалы диафрагманың аяқтары зерттеледі.

Емдеу. Трихинеллезге қарсы әлі жоқ. Бірақ қазір ивомек, празиквантел, фенбендазол, левомезол препараттарын қолданып, жақсы нәтижеге де жетуге болатын сияқты.

Алдын алу және күресу шаралары. Ветеринариялық – санитариялық қадағалау болу керек. шикі жануарлар еттерін әдеміліп пісіру керек. Дератизацияны азық – асханаларында, складтарда, тоңазытқышта, т.б. өткізеді.

2 бөлім Ет қоректі жануарлардың протозойлық аурулары

2.1 Ит пироплазмозы

Ит пироплазмозы барлық жерлерде тараған. Иттерден басқа түлкілер, және т.б.терісі бағалы аңдар ауырады. Бұл аурудың қоздырушысы Babesiidae тұқымына жатады, эритроциттерде, кейде қанның плазмасында, нейтрофилдарда және т.б. паразиттейді.

Қоздырушы. *Piroplasma (Babesia) canis* өлшемі басқа жануарлардың пироплазмасына қарағанда үлкен. Эритроцитті толуға жақын толтырады. Аурудың басында бір паразиттен болады. Содан кейін жұп алмұрт пішінді сандары көбееді. Кейбір эритроцитте 16, көбінесе 1—2 паразит болады.

Эпизоотологиялық деректер. Пироплазмоз жие Ресейдің орталық зоналарында, Уралда, Батыс Сібірде, Украинада, Крымда, Кавказда тараған. Ит пироплазмоз қоздырушысының тасымалдаушылары — *Dermacentor* түрінің ересек иксодты кенелер.

Қоздырушы кенелермен трансвариальды тасымалданады. Кенелер иттерге көктемде шабады.

Жиі аңшы және қызметкер иттер, сонымен бірге жоғары тұқымдылар ауырады.

Патогенез және иммунитет. Қоздырушы және оның қалдықтары организмге аллергиялық әсер етеді. Аурудың басынан бастап қанда терн өзгерістер болады — аиидоз, гипогликемия, гипопротсинемия, эритроциттердің қарқынды гемолизі. Эритроциттердің саны тез арада төмендейді және де гемоглобин де төмендейді және т.б. өзгерістер болады. Ауырып болған иттерде 1—2 жылға созылатын нестерильді иммунитет болады.

Ауру белгілері. Аурудың инкубациялық кезені 6 – 10 тәулікке созылады, сирек – 20. Тәбеті төмендейді, дем алуы ауыр, жие – жие болады, температура 41 – 42 °С көтеріледі .

Кілегей қабығы бозғылт сары түсті болды. Ішектің атониясы дамиды.

Мінезді белгілер — қарқынды анемия және кахексия. Ауру 3—6 жетіге созылады.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Өлген жануарлар жүдеу, кілегей қабықшаларда, тері асты байланыстыру ұлпасыда және серозды қабықшаларда сарғыштар болады. Көк бауыр үлкейеді, пульпа жұмсарады, түсі өзгереді, беті төмпешікті болады және да басқа органдарда да өзгерістер болады.

Диагностика. Диагноз тек қана қан жұғындыларын Романовский бойынша бояп зерттейді. Пироплазмозды лептоспироздан, обадан, инфекционды гепатитан ажырату керек.

Емдеу. Ол үшін азидин (берснил) қолданады, ол 0,0035 г/кг мөлшерінде бұлшық етке 7%-тік сулы ерітінді түрінде қолданады. Егер дене температурасы екінші күні төмендемесе, онда дәріні тағы да егеді. Басқа пироплазмидозға қарсы дәрілерді қолдануға болады (гемоспорицин, диамидин және т.б.).

Сауыққан соң 10 – 15 тәулік бойы итке қозғалыстарға шек қою керек.

Алдын алу және күресу шаралары. Иттерді әр қашан қарап жүру керек. Егер денесінде иксодты кенелер табылса, онда оларды қолмен жинайды немесе жануардың жүнін акарицидты дәрілерімен тазалайды. Бұндай инвазия көп тіркелетін жерлерде жаз айларында қызметкер иттерге әр 10 күні сайын азидинді егеді.

2.2 Түлкілер мен ақ түлкілердің эймериозы және цистоизоспорозы (изоспороз)

Түлкілер мен ақ түлкілердің протозойды аурулары Eimeriidae тұқымының, Eimeriinae және isosporinae тұқымдас тармағының, Coccidiida отрядының қарапайым организмдермен қоздырылады. Қоздырушы жіңішке ішектің эпителиальды торшаларында болады.

Қоздырушы. Түлкілерде 10 астам қоздырушыларының түрлері паразиттейді. Олар Coccidiida отрядына, Eimeriidae тұқымына, Eimeriinae

және Isosporinae тұқымдас тармағына, Eimeria және Cystoisospora түріне жатады. Келесі түрлер жиі кездеседі.

E. vulpis — сопақша пішінді ооцисталар, мөлшерлері (18,2...22,0)х(13,0...16,3) мкм. Спороцисталарда қалдық дене бар. Споруляция 3—4 тәуілікте аяқталады.

E. adleri — ооцисталар сопақша немесе дөнгелек пішінді, мөлшерлері (23,6...28,0)х(23,4...27,6) мкм. Спороцисталарда және ооцисталарда қалдық дене болмайды. Споруляция 4 тәуілікте өтеді.

E. bacanensis — сопақша пішінді ооцисталар, мөлшерлері (11,2...16,8)х(8,4...11,2) мкм. Спороцисталарда және ооцисталарда қалдық дене болмайды.

C. canivelocis — қысқа сопақша пішінді ооцисталар, мөлшерлері (18,2...22,0)х(13,0...16,3) мкм. Ооцисталарда қалдық дене бар. Споруляция 3 тәуілікте өтеді.

C. vulpina — сопақша пішінді ооцисталар, бір полюстері кішкене тығыздалған, мөлшерлері (22,4...28,0)х(16,8...22,4) мкм. Спороцисталарда қалдық дене бар. Споруляция 3 тәуілікте өтеді.

C. buriatica — жұмыртқа тәріздес пішінді ооцисталар, мөлшерлері (30,8...44,8)х(25,2...30,8) мкм. Спороцисталарда қалдық дене бар. Споруляция 2 тәуілікте өтеді.

Ақ түлкілерде кокцидиялардың 6 түрі сипатталған. Ең жақсы зерттелгендер:

E. imantanica — эллипс пішінді ооцисталар, мөлшерлері (12,6...15,4)х(8,4...11,2) мкм. Спороцисталарда қалдық дене бар.

C. pavlodarica — ооцисталар қысқа сопақша немесе дөнгелек пішінді, мөлшерлері (22,4...25,2)х(19,6...22,4) мкм. Ооцисталарда полярлы түйіршік, ал спороцисталарда қалдық дене бар. Бұдан басқа, түлкілер изоспорасының 3 түрі сипатталған: *C. canivelocis*, *C. buriatica*, *C. vulpina* — ақ түлкілерде паразиттейді.

Даму биологиясы. Эймерия мен изоспораларға сәйкес өтеді.

Эпизоотологиялық деректер. Түлкілер мен ақ түлкілердің эймериозы мен цистоизоспорозы аңдардың арасында кен тараған. Ең қауыпты торшалы аң шаруашылығы үшін болады. Олардың барлық климаттық аймақтарда, ал ең жиі жаз-көктем кезендерінің дымқыл климаттарында тіркейді. Бұл кезеңде ооцисталардың споруляциясы үшін ең қолайлы жағдайлар болады. Төлдер еметін кезеңінде зақымдалуы мүмкін, және 10 – 15 күндік күшіктердің нәжісінде аурудың қоздырушыларын табуға болады.

Инвазияның көзі ересек және ауырып болған жануарлар болып табылады, оларда инвазия симптомсыз өтеді. Олар сыртқы ортаға қоздырушыларды бөледі. Аурудың таралуына ауаның ылғалдығы, антисанитария, дұрыс емес азықтану себепкер болады. Ауру қызметкерлердің киімдерімен, аяқ

киімдермен, күтіп-бағу заттарымен, құрал жабдықтармен жұғуу және таралуы мүмкін.

Патогенез және ауру белгілері. Жіті кезінде жануар әлсіз болады, тәбеті төмендейді, содан кейін асқазан – ішек каналының жүйесі бұзылады. Олар көбінесе жатады, іші ауырады. Нәжіс алғашқыда сұйық болады, содан соң көп кілегей мөлшерімен араласқан сулы болады. Ауру ауыр өткен кезде нәжісте қан сызықтарын көруге болады.

Сонымен бірге мал жүдейді, өсуі және дамуы тежеледі.

Созылмалы кезінде ауру белгілері нашар көрінеді. Бірақ жануарлар жақсы азықтануына қарамай қондылығын жоғалтады, нашар дамиды.

Иммунитет зерттелмеген.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Өлген жануарлар жүдеу, кілегей қабықшаларының катаральді ісінуі болады. Жіңішке ішектің кілегей қабықшаларының бөліктерінде эрозия және язва болады. Кейде ішектің жуан бөлімінде әр түрлі сатылардағы қоздырушыларды табуға болады. Ауыр өткен кезде геморрагитті энтероколит болады.

Диагностика. Деректерге, белгілерге, өзгерістерге қарап қояды. Қорытынды диагнозды ауру жануарлардан алынған материалдың зерттеу нәтижесінде қояды.

Зертханаға нәжісті немесе ішектің кілегей қабықшасының қырындыларын жібереді. Нәжісті флотационды, конроскопиялық Фюллеборн немесе Дарлинг әдістерінің көмегімен зерттейді. Әр түрлі сатыдағы қоздырушыларды табу үшін заттық шыныда жұғындыны дайындайды, оны Романовский әдісі бойынша бояйды.

Емдеу, алдын алу және күресу шаралары. Кокцидиостатикалық және симптоматикалық емдеу жүргізеді. Қазіргі кезде эймерия мен цистоизоспордың дамуына кері әсерін тигізетін көптеген препараттар бар. Емдеу үшін натрий норсульфазолын, осарсол 5% су ерітіндісімен 0,01 г/кг сумен, азықпен бірге тәуілігіне 1 рет 0,03—0,05 г/кг мөлшерінде 3 тәулік арасында тағы да химкокцид-7, фуразолидон, декокс, сульфадимезин препараттарын береді.

Негізгі шаралар ол жануар организмінің ауруға резистенттілігін жоғарлату.

Азық сапалы, витамини мол және құнды болу керек. Күшіктерге ерекше назар аудару керек.

Аңдардың едендері торшалы болу керек. Дератизация, дезинсекция, дезинфекция шараларын өткізу керек.

2.3 Ит және мысықтардың цистоизоспорозы (изоспороз)

Иттердің, мысықтардың және басқа Canidae және Felidae тұқым өкілдердің протозойды аурулары Eimeriidae тұқымның қоздырушыларымен қоздырылады. Бұл аурумен ауырғанда жануардың асқорытылуы бұзылады, жүдейді, өлу де мүмкін.

Қоздырушы. Apicomplexa типіне, Sporozoa класына, Coccidia отрядына, Eimeriidae тұқымына, Cystoisospora түріне жатады (24 сурет).




Рис. 24. Возбудители цистоизоспороза плотоядных:

1 — *Cystoisospora canis*; 2 — *C. neorivolta*; 3 — *C. burrowsi*; 4 — *C. ohioensis*

Ет қоректілер цистоизоспорозының қоздырушылары:

1 - *Cystoisospora canis*; 2 - ; 3 - ; 4 - *Cystoisospora ohioensis*

Cystoisospora canis иттерде паразиттейді. Споруленген ооцисталардың пішіні сопақша, өлшемдері $(34...42) \times (27...33)$ мкм, бозғылт-сары немесе ақшыл-жасыл түсті. Ооцисталарда қалдық денелер және полярлы түйіршіктер болмайды. Спороцисталар эллипсоидты, өлшемдері $(18...24) \times (15...18)$ мкм, түссіз, қалдық денелер бар.

Спорозоиттер цилиндр пішінді, көбінесе спороцистаның барлық ұзындығын алады. Споруляцияның ұзақтығы 16—48 сағат, патент алды кезені 9—11 тәулік, патентты — 28.

Cystoisospora ohioensis иттерде паразиттейді. Ооцисталар сопақша немесе жұмыртқа пішінді, өлшемдері $(20...27) \times (15...24)$ мкм, бозғылт-сары түсті, түссіз де болуы мүмкін. Спороцисталар пішіні эллипсоид, өлшемдері $(12...19) \times (9...13)$ мкм, қалдық денелер бар. Спорозоитердің пішіні бананға ұқсайды, өлшемдері $(9...13) \times (2,5...5)$ мкм, құрамында бір немесе бірнеше ақшыл түйіршіктер болады. Патентты кезеннің ұзақтығы 4,5 тәулік, патентты — 35 тәулікке дейін.

Cystoisospora felis мысықтарда паразиттейді. Ооцисталардың пішіні жұмыртқа тәріздес, өлшемдері $(32...53) \times (26...43)$ мкм, ақшыл-сары немесе ақшыл-қоңыр түсті. **Светопреломляющая** түйіршік ооцисталардың кейбіреулерінде болады. Спороцисталар эллипсоидты, өлшемдері

(20...17)X(17...22) мкм, құрамында қалдық дене болады. Спорозоиттердің пішіні цилиндр типтес, ұзындығы 10—15 мкм. Споруляцияның ұзақтығы 12—48 сағат, патент алды кезен 7—10 тәулік, патентты — 10—12 тәулік. *Cystoisospora rivolta* мысықтарда паразиттейді. Ооцисталардың пішіні сопақша немесе жұмыртқа типтес, ақшыл-қоңыр түсті, түссіз болуы мүмкін, өлшемдері (23...29)х(20...26) мкм. Спороцисталары кең эллипсоидты, өлшемдері (14... 16) х (10... 13) мкм, қалдық дене болады. Банан пішінді спорозоиттер барлық ооцистада ұзыннан орналасқан. Продолжительность споруляции 1—2 тәулік, патент алды кезен 4—7 тәулік, патентты — 66 тәулік.

Даму биологиясы. Иттер мен мысықтар цистоизоспоралардың спорулинген ооцисталарын жұтқанда және инвазияланған тышқан типтес кемірушілерді жегенде зақымдалады. Соңғылары цистоизоспоралардың факультативті аралық немесе резервуарлы иелер болуы мүмкін. Ооцисталармен зақымдалғанда итпен мысықтардың ішектерінде алдында паразиттың жыныссыз көбею процессі болады — мерогония. Эпителиальды торшаларда үш жүйелік меронттердің генерациялар құрылады, содан кейін макро- және микрогаметалар, олар зиготаның құрылуымен бітеді. Зиготадан ооциста құрылып, сыртқы ортаға шығады, онда дамиді.

Цистоизоспоралардың инвазияланған ооцисталармен тышқандар, егеу құйрықтар, атжалмандар зақымдалуы мүмкін. Зақымдалғаннан кейін бір жеті өткен соң паразит жануардың организмінде көбейеді — мезентериальды лимфатүйіндерде, көбінесе лимфоидты фолликулдаода, өкпеде, бауырда, талақта, дененің қанқа бұлшық еттерінде, онда олар ұзақ уақыт бойы сақталады (23 айға дейін). Факультативты аралық иелерде дамитын сатылар гипнозоиттар немесе монозоитты цисталар деп аталады. Гипнозоиттың ары қарай дамуы тек қана дефинитивты иенің организмінде болуы мүмкін. Егерде иттер мен мысықтар инвазияланған тышқандарды, егеуқұйрықтарды, атжалмандарды немесе олардың паренхиматозды органдарын жеп зақымдалса, олардың патент алды кезені 1—3 тәулікке қысқарады.

C. felis және *C. rivolta* цистоизоспораларында биологиялық ерекшелігі болады, ол мынада болады, мысықтың организмінде ішектен тыс сатыларын табуға болады, олардың эндогенды дамуын әр түрлі ішкі органдарда және мезентериальды лимфатүйіндерде болады.

Эпизоотологиялық деректер. Иттер мен мысықтардың цистоизоспорозы барлық жерлерде тараған. Инвазияның экстенсивтілігі 20% және оданда жоғары жетуі мүмкін. Зақымдалу көзі — нәжіспен цистоизоспоралардың ооцисталарын бөлетін ауру және ауырып болған жануар.

Зақымдалуы таза емес азық, желін, су, төсеніш және аралық немесе резервуарлы иелерді немесе олардың инвазияланған органдарын және

ұлпаларын жегенде болады. Соңғылары инвазияны таратуымен бірге қоздырушының резервуары болады, ол ұзақ уақыт бойы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларынан қорғалады.

Ең қабылдағыш жасы 6 айға дейінгі жас жануарлар. Ересек жануарларда зақымдалған болуы мүмкін. Цистоизоспоралар залалсыздандырғыш заттарға, сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына тұрақты, олар өмір қабілеттілігін айлар бойы сақтай алады. Қоздырушылардың жоғары репродуктивті қабілеті, ол жануарлар бар жерлерді цистоизоспорлармен ұрықтандырады, соның салдарынан негізгі және аралық (немесе резервуарлы) иелер қайтадан зақымдалуы мүмкін.

Патогенез және иммунитет. Цистоизоспоралардың эндогенды сатысының дамуы ішектің жіңішке және жуан бөлімдерінің кілегей қабықшаларының бүтіндігін бұзады. Соның нәтижесінде мерогонияларда және гаметогонияларда эпителиальды торшалардың массалық бұзылулары, іріндік микрофлораның көбеюі болады. Осылардың бәрі қанға сорылып, организмнің интоксикациясы, жүрек жұмысының бұзылулары пайда болады. Жануарлар әлсіреп, өлуі мүмкін. Цистоизоспорозға ең сезгіш 30 – күндіктен 4 – 6 айға дейінгі жастағы күшіктермен мысықтар. Қутіп-бағу жағдайлары төмен болса, ересек жануарлар да ауыру мүмкін. Ауыруп болған жануарлар ұзақ уақыт бойы цистоизоспоралардың тасымалдаушысы болып табылады және бұл аурумен қайтадан зақымдалмайды, бірақ бұл организмнің иммундық статусына және спорулигген ооцисталардың санына байланысты болады.

Ауру белгілері. Ооцисталардың санына, организмнің иммундық, кутіп-бағу және азықтандыру жағдайына байланысты болады. Инкубациондық кезен 3 тәуіліктен 11 тәуілікке дейін болады. Ауру жануарлар әлсіз, енжарлық, содан кейін тәбетінің жоғалуы болады. Нәжіс көбінесе сұйық, құрамында кілегей кейде қан болады. Полиурины теркейді. Уақытында шаралар қолданбаған жағдайда жануардың жағдайы төмендейді, олар көбінесе жата береді, қозуларға назар аудармайды, өте жүдеп, өледі.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Өлекселер жүдеген болады. Жіңішке ішектің бөліктері катаральды немесе геморрагиялық ісінген. Эпителийдің десквамациясы, қылшықтардың атрофиясын және некрозын көруге болады. Талақ және мезентеральды лимфатүйіндер үлкейген, қанға толған болады.

Диагностика. Диагнозды комплексті қояды. Зертханалада нәжісті пативты жұғынды немесе Дарлинг және Фюллеборн әдісі арқылы зерттейді. Ауру жануаларда цистоизоспоралардың спорулинбеген ооцисталардың саны көп болады. Оларды мысықтың және иттердің нәжісінде жылдың кез-келген мезгілінде табуға болады, бірақ көбінесе жазда кездеседі.

Емдеу. Ол үшін сульфаниламидты және нитрофуранды препараттарды қолданады, оларды эймериостатикалық және анти-бактериальды әсері болады.

Сульфадиметоксинді 2 жеті бойы, бірінші тәуілікте 50 мг/кг мөлшерінде, келесілерде жартылай мөлшерінде береді. Сульфадимезинді иттерге бір жануарға 3 тәуілік бойы тәуілігіне 0,5—1 г мөлшерінде, содан кейін 3—4 тәуілік левомецитинді және 3 тәуілік сульфадимезинді береді. Нитрофуразолидон — 0,025% азықпен мына схема бойынша: 3 тәуілік препарат, 2 тәуілік үзіліс, 3 тәуілік препарат. Мысықтарға сульфамонетоксинді бір жеті бойы 50 мг/кг мөлшерінде, химкокцидты 3—5 тәуілік бойы 24 мг/кг мөлшерінде береді. Сонымен бірге симптоматикалық емдеуді өткізеді.

Алдын алу және күресу шаралары. Цистоизоспорозаларға ит шаруашылықтарында жоспарлы диагностикалық зерттеулерді өткізеді. Вольерлерді және торшаларды жүйелік тазалайды, жуады және 2% каустикалық соданың ерітіндісімен залалсыздандырады. Иттердің нәжістерін жинап, залалсыздандырады.

Жануарлар тұратын орны құрғақ және таза болу керек. Кемірушілермен, масалармен, торғайлармен, көгершіндермен кересу шараларын өткізу керек. Қутіп-бағу жағдайлары мен азықтандырылуы дұрыс болу керек.

Транспортировканың алдында 1,5—2 айлық күшіктерге бір жеті бойы азыққа 1,25 г 20%-тік ампролиумның ұнтағын қосады. Егер одан жүйкелік көріністер туса, онда оларға бұлшықетке кальций глюконатын және тиамин бромидын егеді.

2.4 Ит және мысықтардың саркоцистозы

Eimeriidae тұқымының қарапайымдыларымен қоздырылатын инвазиялық аурулар.

Қоздырушы. Иттерде — *Sarcocystis bovicanis*; *Sarcocystis ovicanis* және *Sarcocystis suicanis*; мысықтарда — *Sarcocystis bovifelis*, *Sarcocystis orifelis* және *Sarcocystis suifelis*. Олар Apicomlaxa типіне, Sporozoa классына, Coccidia отрядына, Isosporinae тұқым тармағына, *Sarcocystis* түріне жатады.

Қоздырушылардың морфологиясы және биологиясы жануарлардың саркоцистозына ұқсас

Даму биологиясы. Саркоцисталар дефинитивті және аралық иелердің қатысуымен дамиды. Дефинитивті иелер — ит және мысықтар, ал аралық иелер — ірі және ұсақ малдар және шошқалар. Саркоцисталардың өмір циклі 3 фазадан тұрады: мерогония (жыныссыз көбеюі), гаметогония (жынысты көбею) және спорогония (споралардың құралуы). Мерогония аралық, ал гаметогония және спорогония дефинитивті иелердің организмінде өтеді.

Мерозоиттер құрамында бар жануарлардың етін иттер мен мысықтар жесе зақымдалады. Қолайлы жағдайда ооцистаның іші тығызданып, 2 спороцистаға бөлінеді, әрбір спороцистаның ішінде 4 спорозоид құралады, бұл процесті спорогония деп атайды. Осындай 8 спороцистасы бар ооцистаны малдар жұтып зақымдалады. Малдың ішегіне түскен спорозоидтар ішектің эпителиалды торшаларына еніді. Аралық иелер ооцистаны немесе спороцнетті азықпен немесе сумен қабылдағанда зақымдалады.

Эпизоотологиялық деректер. Иттін зақымдалу көзі — қойлардың ІҚМ, шошқаның саркоцисталармен зақымдалған еті. Кейбір зоналарда иттердің саркоцистозбен зақымдалуы 90 % жетеді. Бір ит тәуілігіне 30 млн ооцисталарды бөлуі мүмкін. Олар өмір сүру қабілетін ұзақ уақыт бойы төмен температурада сақтай алады (3жыл). Сызғыш төлдер болып келеді.

Патогенез және иммунитет. Макро- и микрогаметалардың, зиготалардың және ооцисталардың ит мысықтардың ішектің жіңішке бөлімінде дамуы эпителийдің десквамациясына, қылшықтардың, кілегей қабатының бұзылуына әкеледі. Қанға энтерококк, ішек таяқшалар, зардапты саңырауқұлақтар және т.б. микроорганизмдердің енуіне жол ашылады. Осында интоксикация пайда болады.

Дефинитивті иелер саркоцисталардың бір түрімен бінеше рет зақымдай беруі мүмкін. Көп жылдардан кейін бұл жануарлардың резистенттілігі дамиды және бұл ауру қайталанатын болса, онда белгілер көрінбейді. Иттер мен мысықтар бірнеше рет жеңіл формасында зақымдалуы мүмкін.

Ауру белгілері. Иттер мен мысықтарда саркоцистоз субклиникалық өтеді, тек төлдерде ғана ауыр инвазия кезінде асқазан – ішек каналының бұзылуы, тәбетінің төмендеуі, әлсіздік, өсуі тежейді.

Патологоанатомиялық өзгерістер. Кілегей қабықшасының, әсіресе қылшықтардың гиперемиясы болады. Біріктіруұлпалық негізі бұзылған, ал эпителий десквамиленген.

Диагностика. Диагнозды комплексті қояды. Нәжісті Дарлинг немесе Фюллеборн әдісі арқылы зерттейді.

Емдеу. Химкокцид 50 мг/кг және лербек 200 мг/кг мөлшерінде азықпен 3 тәуілік бойы береді. Келесіде препараттар жартылай мөлшерінде 25 тәуілік арасында қолданады.

Алдын алу және күресу шаралары. Паразиттің биологиялық циклінің тізімін үзу керек. Мысықтарға және иттерге шикі ет бермеу керек.

2.5 Мысықтардың токсоплазмозы

Eimeriidae тұқымының қарапайымдыларымен қоздырылады. Асқазан – ішек каналының және басқа органдардың бұзылуымен сипатталады.

Қоздырушысы. *Toxoplasma gondii* Apicomplexa типіне, Sporozoa класына, Coccidiida отрядына, Eimeriidae тұқымына, Isosporinae тұқым тармағына, *Toxoplasma* түріне жатады.

Қоздырушы жарты айшық, доға, сопақша немесе дөңгелек пішінді болады, өлшемдері $(4...8) \times (2...4)$ мкм. Ядросы сопақша немесе дөңгелек, ол паразиттің ортасында орналасқан. Романовский бойынша жақсы боялады. Егер зақымдалған мүшелерден жұғындыны дайындап, боясақ: ядро — рубинді, ал протоплазма — көкшіл болады. Қоздырушыда төрт контурлы қабықша, фибрилл жүйесі, митохондрийдің қиын құрылысы, коноид, лизосомалар олар кепкен жануарлар торшасының лизосомасына ұқса болады.

Даму биологиясы. ІҚМ және ұсақ малдың токсоплазмозын қараныз.

Эпизоотологиялық деректер. Барлық жерлерде тараған. Негізгі эпизоотологиялық мәні, ол токсоплазмалар трансплацентарлы жұғады. Бірақ басты қауыпты *T. gondii* ооцисталар келтіреді. 20 г мысықтың нәжісінде 20 млн ооцисталар бар екені саналған. Олардың бөлініп шығуы 2 жеті бойы болады. Олар сыртқы ортаға тұрақты және жерде 1,5 жыл бойы жата береді.

Патогенез және иммунитет. Мысықтардың патогенезі толық зерттелмеген. Мысықтардың көбісі зақымдалған аралық иені жегеннен кейін ооцисталарды өмірінде бір рет бөледі деген деректер бар. Мысықтардың 90 % бірінші зақымдалғаннан кейін иммунды болады.

Ауру белгілері. Жіті кезде жалпы әлсіреу, лихорадка, асқазан – ішек каналының жүйесі бұзылады. Жүйке жүйелік, конъюнктивит, ринит те болуы мүмкін. Созылмалы кезде ұқсас клиникалық белгілер болады, бірақ олар онша көрінбейді. 2—3 жетіден кейін олар жоғалады. Ішек формасы іш өту, іш қатумен, тәбеттің бұзылуымен, жүдеумен, 40—41 °С температурасының көтерілуімен өтуі мүмкін.

Эпизоотологиялық деректер. Бөлек жерлерде қылшық эпителий некрозының ошақтарын және крипт – эндогенді сатылар дамуының орындарын көреміз. Осы уческілерден алынған қырындысында мероиттерді, зиготаларды және ооцисталарды табады.

Диагностика. Ол зертханалық зерттеулерге сүйеніп комплексті қойылады. Дарлинг немесе Фюллеборн әдістері арқылы нәжісті зерттейді.

Емдеу. Мысықтарға жіті ауру кезде химкокцидты азықпен немесе сумен 3 тәулік бойы 24 мг/кг мөлшерінде ұсынады. Содан кейін жарты мөлшеріне көшеді, оны 25 тәулік бойы үзіліссіз — 12 мг/кг мөлшерінде береді. Эффектілігі жоғары сульфаниламидты препараттар.

Алдын алу және күресу шаралары. Мысықтарға шики етті беруге болмайды. Ооцисталармен зақымдалған мысықты аралық иелерге жібермеу керек.

Экзогенді сатылармен күрескенде ветеринариялық – санитариялық ережелерді бұзбау керек. Дезинвазияны, дератизацияны, дезинфекцияны жие өткізу керек.

3 бөлім Мастигофороздар

3.1 Ит лейшманиозы

Ит лейшманиозы — протозойды трансмиссивты табиғи-ошақты иттердің ауруы, ол Trypanosomatidae тұқымының қарапайымдыларымен қоздырылады, терінің және ішкі мүшелердің зақымдалуымен сипатталады. Иттерден басқа ауруға адам және кемірушілер қабылдағыш болады.

Ең алғашқы рет қоздырушыны орыс дәрігері 1897 жылы И. П. Боровский тапты, бірақ иттер лейшманиозын Тунисте Николь сипаттады(1908).

Қоздырушы. Қарапайымдылар, *Sarcomastigophora* типіне, *Zoomastigophora* класына, *Kinetoplastida* отрядына, *Leishmania* түріне жатады. Қазіргі уақытта лейшманияның келесі түрлері бар — ит ауруларының қоздырушылары.

Leishmania tropica (Wright, 1903) — ит және адам лейшманиозының тері қоздырушысы, тері торшаларында паразиттейді.

Leishmania donovani (Jakimoff, 1915) — ит және адам лейшманиозының висцеральды (ішкі органдар) қоздырушысы, бауыр, талақ торшаларында, қанда паразиттейді.

Морфология бойынша екі түр бір-біріне ұқсас. Жылы қанды жануарларының организмінде жгутиксіз шар немесе сопақша пішінді, өлшемдері (3...5)х(1...3) мкм. Москиттердің организмінде және жасанды қоректік ортада лейшманиялар ұршық пішінді және жгутик болады. Паразиттердің өлшемдері (10...20)х(2...4) мкм. Жгутиктің ұзындығы 18—20 мкм дейін (25 сурет).




Рис. 25. Лейшмании:

а — в организме позвоночного хозяина; б — в переносчике

25 сурет. Лейшманиялар:
а — омыртқалы иенің организмінде; б — жұқтырушыда

Даму биологиясы. Лейшманияның тасымалдаушысы — *Phlebotomus papatasi*, *Ph. sergenti*, *Ph. caucasica* және басқа москиттер, субтропикалық және тропикалық елдерде кең тараған. Адамдар мен иттерге шапқанда, лейшманиозбен ауыратын, москиттердің организмдерден, жарадан және қаннан паразиттың жгутиксyz түрі түседі. Содан кейін олар тез көбееді және жгутикті түрге айналады. 8—10 тәуіліктен кейін иттерге қайтадан шабуыл жасағанда, олар паразиттерді қанға немесе тері ұлпаларына инокулирлейді. Москиттерді езген кезде лейшманиялар тері бетіне сінеді. Ішкі органдарда лейшманиялар жгутиктерін жоғалтады және тез көбейіп, көптеген торшаларды бұзады.

Эпизоотологиялық деректер. Лейшманиоздың табиғи ошақтары бар, онда москиттер кемірушілерден қайтадан зақымдалғаннан қоздырушы сақталады. Ит лейшманиозына адам қабылдағыш және керісінше.

Патогенез. Торшалардың ретикулоэндотелиалды жүйесі бұзылып, лимфатүйіндердің, талақтың гиперплазиясын қоздырады. Теріде жаралар пайда болады.

Иммунитет толық зерттелмеген.

Ауру белгілері. Жас иттерде көбінесе жіті түрде өтеді, ал ересектерде — созылмалы және жие емделеді. Тері лейшманиозы алғашқыда түйіндермен сипатталады, содан кейін мұрында, ерінде, қабақта, құлақта, бармақтарда көпке дейін кетпейтін жаралар болады. Лимфатүйіндер үлкейген, тығз және сипағанда адырлы. Висцеральды лейшманиоз көбінесе жіті түрде өтеді. Дене температурасы көтеріледі, тәбеті жоғалады, жалпы әлсірейді. Жануарлар тез жүдейді, диарея және анемия дамиды. Ауру жануарлар жатады, сыртқы қоздыруларға

назар аудармайды. Ауру 3—4 тәуіліктен 2—3 жетіге дейін созылады. Созылмалы түрде ауру жануарларда жүдеу, температура көтеріледі. Тері қабыршақтанады, бөлек орындар тақыр және т.б. болады. Диарея дамығанда, аяқтардың әлсіреуі және параличтер де болуы мүмкін (26 сурет).



26 сурет. Иттегі тері лейшманиозы

Патологоанатомиялық өзгерістер. Лейшманиоздан өлген өлекселерді ашып қарағанда жүдеу, анемия, бауыр, талақ, лимфатүйіндер 2—3 есе үлкейеді. Кейбір кезде катаральды гастроэнтероколит, теріде және кілегей қабықтарда жара, өкпенің ісінуі, нефриттер болады.

Диагностика. Диагнозды комплексты қояды, сонымен бірге терідегі жара жұғындысының микроскопиясымен (Романовский бойынша). Висцеральды лейшманиоз кезде жұлын және лимфатүйіндердің жұғындыларын зерттейді.

Емдеу, алдын алу және күресу шаралары. Тері лейшманиоз кезінде жара айналасындағы теріге және түйіндердің қалыңдығына 1% новакаин ерітіндісіне 4—5% акрихин ерітіндісін егілуі ұсынылады. Дәрігерлік тәжірибеде тамыр ішіне солюсурминнің 20% су ерітіндісін 12 тәулік бойы 0,12—0,2 г/кг мөлшерінде қолдануы жақсы нәтиже көрсетті. Жағдайы жаман шаруашылықтарда кемірушілермен, москиттермен және бос жүрген иттермен күресу керек. Инсектицидтер мен репелленттерді қолданады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырма. 1. Ит пироплазмозының клиникалық белгілері қандай? 2. Ет қоректі жануарлардың цистоизоспороздарына сипаттама беріңіз. 3. Ет қоректі жануарлардың токсоплазмоз және саркоцистоз қоздырушыларының қандай инвазия көздерін білесіз?

4 бөлім Ет қоректі жануарлардың энтомоздары

4.1 Иттердің, мысықтардың және терісі бағалы аңдардың афаниптерозы

Siphonaptera отрядының бүргілері олардың денесінде паразиттегенде қоздырылады.

Қоздырушы. *Ctenocephalides canis* (ит бүргесі). *Ctenocephalides felis* (мысық бүргесі) және *Pulex irritans* (адам бүргесі). Бұл ұсақ (1,8—2,0 мм) қан сорғыш жәндіктер. Денесі бүйірлерден майысқан, артқа бағытталған қылдармен, қылшықтармен қапталған, жүнде қозғалуға жақсы бейімделген. Басында ауыз аппараты орналасқан, ол қадалып-сору типті, екі қарапайым қоздері және екі қысқа мұрты болады. Кеудесі үш сегменттерден тұрады, әр қайсысында жұп буын аяқтар болады. Үшінші жұп аяқтары басқалардан ұзын болады және жәндікке секіргенде тірек үшін арналған. Құрсақ 10 сегменттен тұрады, арқа (тергит) және кеуде (стернит) жартысақиналар, олар созылмалы мембранамен байланысқан. Жәндіктің түсі ақшыл-сарыдан қара-қоңырға дейін болады.

Даму биологиясы. Жануардың қанымен аталықтар мен аналықтар қоректенеді. Өмір бойы аналықтар көп рет жануардың жүніне сопақша ақ түсті жұмыртқаларды салады. Жұмыртқалар жабысқақ емес және жүнде ұсталана алмайды, сондықтан жануар жүретін ортаға түседі. 7—12 тәуіліктен кейін жұмыртқалардан личинкалар шығады, оларда пигменттелмеген басы, үш мүшелі кеуде және 10 мүшелі құрсақ болады. Личинкалардың денесі қылшықтармен және қылдармен қапталған. Олар органикалық субстраттармен қоректенеді. Личинкалар 10—12 тәуілік ішінде үш рет түлейді және қуыршақтарға айналады. 2 жетіден кейін қуыршақтардан ересектер пайда болады. Имаго 3—7 ай өмір сүреді.

Эпизоотологиялық деректер. Бүргелер барлық жерлерде тараған. Әсіресе жылдың жылы мезгілінде өте көп. Иттер көбінесе серуендеуге шыққанда зақымдалады. Бүргілердің личинкалары тесіктерде, кілемде, төсеніште, плитустарда, нәжісте және т.б. жерлерде болады. Бүргелер дипилидиоз қоздырушын таратушы және кейбір инфекциялық аурулардың таратушысы ретінде өте қауыпты. Имаголар көп ауқыт бойы аш бола алады (18 айға дейін).

Патогенез және ауру белгілері. Бүргілердің шағуы ауыртпалы, қышыма, папулалар, дерматиттер, жүдеу болады. Жануарлар қышынады, сонын салдарынан жаралар, сызат және жүндер түседі де, қасқа пайда болады. Паразиттер ересектерден күшіктерге секіріп инвазияны таратады, оларда ол ауыр өтеді. Тез арада оларда анемия, қарқынды жүдеу, жие өледі.

Диагностика. Диагнозды жануар мен орынды қарағанда бүргені тапса қояды. Ит немесе мысықты ақ матаға отырғызып тарауға болады, матада ұсақ қара-қоңыр үгінді болады (бүргілермен қорытылмаған кепкен қан). Егер оларды суға салса ол қызыл болады.

Емдеу, алдын алу және күресу шаралары. Жануарлардың үстінде бүргілерді жою үшін 0,05% перметриннің (стомозана), 0,5% карбофостың, 0,003% бутокстың, 0,005% цимбуштың сулы эмульсиясын, және де пеостомозанды 1:200, эктоминды 1:1000, блотикты 1:2000 және т.б. қолданады. Препараттар тері-жүн жабынына шашырату әдісімен қолданады. Тазалауды екі рет өткізеді: жазда 7—10 тәуіліктен кейін, қыста 14—18. Эффекті аэрозольдер: акродес, дерматозоль, нерол, акрозоль, актол және т.б. Ит пен мысықтықтарды әр түрлі зоошампуньдармен жуындыруға болады, онда эктопаразиттер өледі, тері тазарады және иісі кетеді.

ТМД территориясында басқа да бүргелер кездеседі: тұяқтылардың бүргілері *Venerisilla alacurt* және *Dorcadia joffi*, Орта Азияда және Шығыс Сібірде олар қойларда, ірі қара малда, жылқыларда, ешкілерде паразиттейді; *Echidnophaga gallmasei* құстың бүргесі, Ресейдің оң түстік-шығысында және Орталық Азияда; *Sarcopsylla p. trans* — құм бүргесі, тропиктерде адамдарда, иттерде, мысықтарда паразиттейді.

4.2 Иттердің линогнатозы

Қоздырушы. *Linognathus setotus* тұқымымен қоздырылады.

Бұл ұсақ (1,6 - 2,4 мм) қанатсыз жәндіктер. Басының ені кеудесінен 2-3 есе кем. Ауыз аппараты қадалып-сору типті. Көздері болмайды. Аяқтарында қуатты тырнақтар болады. Құрсақ 8—9 сегменттерден тұрады, аталықтарда шеңберленген, ал аналықтарда үшбұрышты ойық болады.

Даму биологиясы. *Siphunculata* отрядының барлық өкілдеріне бірдей болады.

Эпизоотологиялық деректер. Барлық жерлерде тараған, тек қана иттерде паразиттейді, күшіктерге аналарынан жұғады.

Патогенез және ауру белгілері. Олардың шағуы ауыртпалы, сілекейлерде улы қасиеті бар. Негізгі белгі — тері қышымасы. Жас иттерде ауыр өтеді. Жануарлар қышынады, сонын салдарынан жаралар, сызат және жүндер түседі де, қасқа пайда болады. Бұл кезде тіл алмайды, назар аударуы, жұмыс қабілеттілігі төмендейді.

Диагностика. Диагнозды оларды жануар денесінде тапқанда қояды.

Емдеу, алдын алу және күресу шаралары Иттердің, мысықтардың және терісі бағалы аңдардың афаниптерозы ауруына ұқсас.

4.3 Иттердің триходектозы

Қоздырушы. *Trichodectes canis*, *Trichodectidae* тұқымымен, *Mallorhaga* отрядымен жүн жегіштермен қоздырылатын иттердің ауруы. Бұл ұсақ (1—2 мм) қанатсыз жәндіктер.

Басы кеудесінен кең, тегіс, төрт бұрышты. Ауыз аппаратты кеміргіш типті. Көздері рудиментирленген. Кеудесі 3 сегменттерден тұрады. Брюшко бас пен кеудені бірге алғанда да ұзын.

Даму биологиясы. Маллофагтарда сияқты. Ит жүнжегіші ит дипилидиозының аралық иесі болып табылады.

Емдеу және алдын алу шаралары. Афаниптерозда сияқты, ит триходектозынан басқа. 2% бор қышқылының ерітіндісін қолдануы эффектілігі жоғары болып табылады.

Бақылау сұрақтары.

1. Бүргелер қалай дамиды?
2. Морфология бойынша биттер жүн жегіштерден немен айырылады?
3. Ит афниптерозы және триходектозы кезінде қандай инсектицидтер ең нәтижелі?

5 бөлім Жануарлардың жұқпалы емес аурулар

Жазатайым оқиғалар кезіндегі алғашқы көмек

Жыландар мен буынаяқтылардың тістеуі - жыландар, жәндіктер, өрмекшілер, саршаян улары мен зақымдалу.

Аурудың себептері мен дамуы. Жыланның уы некротикалық, гемолитикалық, геморрагиялық, нейротоксикалық әсерге ие. Буынаяқтылардың уы - ауырсыну және ісіну. Жарғақшалардың қайта шағуы (аралар, соналар) – аллергиялық реакция.

Клиникалық белгілері әртүрлі. Мазасыздық, қорқынышты жәндіктерді тістеуге ұмтылу. Жыланның тістеуі: жұпты дақтар, жергілікті ісіну, адинамия, сал, аритмия, тыныс алудың бұзылуы, қан құйылу, некротикалық жаралар, аймақтық лимфа түйіндерінің ұлғаюы, өлім.

Диагностика қиын. Жыл уақыты мен қоршаған ортаны ескеру.

Емі. Инфузиялық терапия (5% глюкоза ерітіндісі, Рингер ерітіндісі, реополиглюкин). Глюкокортикоидтар. Жүрек препараттары. Антигистаминді терапия (димедрол, дипразин), жергілікті суық. Адреномиметиктер (адреналин, эфедрин, метозол).

Суға кету.

Төтенше жағдайлардың себептері (шаршау, жоғары толқындар), күш қолдану әрекеттері.

Клиникалық белгілер су астында болу ұзақтығына байланысты. Жөтел, құсу, құрысулар, аритмиялар, тыныс алу ырғағының бұзылуы.

Емі. Жасанды тыныс алу. Жүрек ішіне 0,1-1,0 мл 0,1% адреналин ерітіндісін еңгізеді. Кортикостероидтар (преднизолон 2мг/кг немесе дексаметазон 0,2 мг/кг). Жүрек препараттары (кордиамин, сульфакамфокаин), несеп айдайтын. Пневмонияның алдын алу үшін антибиотиктер.

Сыртқы қан кету – зақымдалған тамырлардан қанның кетуі.

Ажыратады: Артериялық, веналық, капиллярлық, паренхиматозды .

Себептері - жарақат алған.

Клиникалық белгілер. Анастомоздың түріне және болуына, тамырдың диаметріне, ұзақтығына байланысты. Артериялық қан – қып-қызыл қан ағысымен құйылады; веналық қан қаралау; капиллярлы кезде барлық жара бетінің ағуы байқалады. Геморрагиялық шок асқынады.

Емі. Жгут (1 сағатқа), 3% сутегі асқын тотығы ерітіндісі, байлау, тамырларды хирургиялық лигирлеу, адреналин.

Есінен айырылу - мидың ишемиясының (талу) салдары және жүйке жүйесінің (кома) тежелу кезіндегі ұзақ есінен айырылу. Ажыратады жарақаттық, апоплексикалық, панкреатикалық, бауырлық, уремиялық, диабетикалық және хлоргидропеникалық кома.

Емі. Спазмолитиктер.

Құрысулар - еріксіз жиырылулар. Дене бұлшық етінің жайылған жыртылған жиырылуы. Ширақтық жиырылулар - бұлшықеттердің баяу, ұзақ қысқаруы. Клоникалық құрысулар - жиі қайталанатын бұлшықеттердің қысқаруы мен ыдырауы, эпилептикалық талмалар – естен тану ілесе жүретін жайылған клоника-тоникалық құрысулар ұстамасы.

Себептері. жұқпалы аурулар (оба, құтыру, сіреспе), инвазиялық аурулар (токсоплазмоз, гельминтоздар), гипокальциемия гипопаратиреоз, бас миының гипоксиясы, гиперемия, мидың ісінуі, миға қан құйылу, ісіктер, гидроцефалия, энцефалит, улану, уремия.

Емі. Ұстама кезінде магний сульфаты, кетамин, ксилазин, аминазин, ромитар қолданылады. Аралық кезеңде седативті препараттар тағайындалады. Гипоксия кезінде - оттегі терапиясы, ми ісінуі кезінде - несеп айдайтын дәрілер, гипокальциемия кезінде - магний сульфаты, кальций хлориді, кальций глюканаты, Д витамині.

Шок - артериялық қысымның төмендеуімен байланысты синдром. Анафилактикалық, гемолитикалық, геморрагиялық, жұқпалы-токсикалық және травматикалық естен тану бар. Шок келесі факторлардың бірімен туындауы мүмкін: гиповолемия, қан тамырларының кеңеюі, миокардальді жеткіліксіздік және эндотоксиндер.

Шокты емдеу сұйықтықты енгізуге (кристаллоидты сүзбелерді, коллоидты ерітінділерді, қан плазмасын), оттекті терапияға, жануарды жылыту арқылы жылуды сақтауға, антибиотикотерапия (бактериялық пролиферацияны болдырмау), кортикостероидты гормондар (тіндердің перфузиясын жақсартады), жүрек-тамыр жүйесіне әсер ететін

препараттарды енгізуге (катехоламин-дофамин, добутамин, адреналин) бағытталған.

Бөгде денелер жұтқыншақта, өңеште, асқазанда, көзде, мылтық есту жолында, мұрын қуысында және дененің басқа да бөліктерінде кездеседі.

Жаралар - тері және тері асты клетчаткасының бүтіндігінің бұзылуы. Ажыратады: тістелген, кесілген, уатылған, жыртылған, кесілген, оққа ұшылған, жарақатталған жаралар, асептикалық, ластанған, іріңді.

Себептері әртүрлі. Ең қауіпті: ыдыратылған, кептірілген, атыс, **КОЛОТЫЕ**. Алғашқы тартылу бойынша хирургиялық жаралар және жаңа ластанбаған тез жазылады. Қалғандары-екінші созылу бойынша.

Жаңа жараларды емдеу. Хирургиялық өңдеу, қан кетуді тоқтату, антисептикалық құралдармен өңдеу, тігу, анестезия арқылы байлау (жараның көлеміне байланысты). Іріңді жараларды емдеу. Жараны ашу, өлген ұлпаларды, іріңді кесіп, алып тастау, жараны дренирлеу, антибиотикотерапия, асептикалық таңғыштар, анальгетиктер.

Гематомалар - ұлпаның қатпарлануы кезінде қуыста пайда болған қанның жиналуы. Лимфоэкстравазат-лимфа тамырларының жарылуы нәтижесінде лимфаның жиналуы.

Емі. Ішіндегіні шприцпен сорады. Адреналин қосылған 0,5% новокаин ерітіндісін ішке енгізеді. Тығыз байлап тастайды. Теріс нәтиже болған кезде тамырды ашады, лигатура жасайды, жараны тігеді.

Жарақат – тері мен төменде жатқан ұлпалардың жабық жарақаттық зақымдануы.

Себептері. Ақырын заттармен соққы.

Клиникалық белгілер зақымдану орнына және әсер ету күшіне байланысты. Ауырсыну, ісіну, көгеру. Аяқ-қол-ақсау, бас-солқылдақ, мойын, шоқтық, бел, арқа-парез және паралич.

Емі. Тыныштық, 3 күн бойы суық салу. Қабынуға қарсы майлар (лоринден С, флуцинар, бутадион, троксевазин)

Күйік – жоғары температура, химиялық заттар, электр энергиясы, радиация әсерінен тері мен кілегей қабықтардың зақымдануы.

Термиялық, химиялық, электрлік, сәулелі күйіктер бар. Клиникада 4 дәрежелі күйіктер бар.

Емі. Сау теріге дейін жүнді кесу. Теріні 40% спирт ерітіндісімен немесе 0,1-0,2% марганец қышқылды калиймен майлау, 0,5% новокаин ерітіндісімен синтомицин линименті таңғыш немесе "Ливиан", "Винизоль", "Левовинизиль", "Олазоль", "Оксициклозоль" аэрозолы.

Химиялық күйік кезінде алдын ала теріні сумен жуады. Анальгетиктер. Седативті препараттар. Антисептиктер. Инфузиялық терапия, несеп айдайтын, антибиотиктер.

Жылу және күн соққысы - ағзаға жоғары температура мен тікелей күн сәулесінің әсері.

Емі. Салқын желдетілетін бөлме. Суық сумен шомылдыру. Суды көп беру. Жүрек құралдары. Инфузиялық терапия.

Электр жарақаты - электр тогымен зақымдану. Электродтармен түйіскен кезде пайда болады. Жергілікті әрекет-күйік, жалпы әрекет – жүрек соғу мен тыныс алуды тоқтату.

Емі. Жергілікті (жоғарыда қараңыз). Тыныс алу бұзылғанда кор-диамин, камфору, адреналин енгізіледі. Жасанды тыныс алу және жүрекке массаж жасау. Жүрек ішіне 0,1-1 мл 0.1% адреналин ерітіндісін еңгезу.

6 Жүрек қантамыр жүйесінің аурулары

6. 1 Миокард аурулары

Миокардит - миокардтың қабынуы (жүрек бұлшықеті). Ошақты және диффузды миокардиттер, ревматикалық, инфекциялық - аллергиялық, идиопатиялық және т.б. бар.

Ауруларды әртүрлі факторлар тудырады: вирустар, бактериялар, қарапайымдылар, гельминттер, токсиндер, иммундық кешендер және т.б. Миокардит парвовирустық энтерит кезінде жиі кездеседі. Этиологиялық агент миокардиоциттердің зақымдануына әкеледі және қабыну процесі дамиды. Жүрек бұлшықетінің қуаты төмендейді, соққы көлемі азаяды. Жүрек өткізгіш аппаратының зақымдануы және аритмиямен жүретін өткізгіштіктің бұзылуы мүмкін.

Клиникалық белгілері. Тахикардия, шаршағыштық, әртүрлі аритмиялар. Жүрек жеткіліксіздігінің белгілері: ісіну, іш қуысының тартылуы, цианоз, жүрек шуы.

Диагноз клиникалық белгілердің негізінде, сондай-ақ тағамдану жолымен қойылады. Диагнозды анықтау үшін электрокардиографияны, қанның клиникалық және биохимиялық талдауының деректерін қолдануға болады.

Емі. Егер этиологиялық фактор белгілі болса, этиотроптық ем жүргізеді — егер белгісіз болса-кең спектрлі антибиотиктер қолданады. Кез — келген жағдайда "тыныштық, глюкокортикоидтар (преднизолон – 1 мг/кг.) немесе қабынуға қарсы стероидты емес дәрілер (индометацин, бруфен, ацетилсалицил қышқылы), В тобындағы витаминдер.

6. 2 Эндокард аурулары

Эндокардит - эндокардтың қабынуы. Ревматикалық және септикалық эндокардиттер бар. Ағыс бойынша -жедел және созылмалы.

Көптеген жағдайларда этиологиялық фактор инфекция болып табылады. Зақымдаушы фактор (микроорганизмдер, олардың уыттары, аутоиммунды антиденелер) эндотелийге цитоуытты және эндокардтың дәнекер-ұлпалық негізіне әсер тігізеді. Зақымданған жерде эрозия пайда болады, фибрин жиналады. Жүрек қақпақшалары жиі зақымданады, соның салдарынан жүрек ақаулары дамиды. Жүрек жеткіліксіздігі дамуы мүмкін. Жиі ішкі ағзалардың абсцесстерімен жүреді.

Клиникалық белгілері. Ит тегеурінді. Дене температурасы көтеріледі, жүрек шуы тыңдалады, аритмия болуы мүмкін. Кейде диффузды нефрит дамиды, ісіну, асцит, тахикардия пайда болады.

Диагностика. Ча-ше жүрегінің зақымдану белгілері бар қызба үйлесімі септикалық эндокардит туралы куәландырады. Қосымша ақпарат қанның бактериологиялық анализін және электрокардио-графияны бере алады.

Емі. Ит тыныштықты ұсынады. Себілген микроорганизмдердің микробқа қарсы құралдарына сезімталдығы белгілі болған кезде тиісті құралдар қолданылады, мұндай ақпарат болмаған кезде бета-лактамы антибиотиктер (пенициллиндер немесе цефалоспориндер) немесе 5-7 тәулік бойы аминоглико-зидтер қолданылады. Аминогликозидтің (мысалы, гентамицин) пенициллинмен немесе цефалоспоринмен үйлесуі ақталған. Антибиотикоте-Рапия аясында 3-5 тәулік бойы глюкокортикоидтарды пайдалануға болады. Ісіну жағдайында несеп айдайтын заттарды қолданады.

Алдын алу. Бактериялық инфекцияларды уақтылы емдеу қажет. Ағзаның төзімділігі шынығу мен толыққанды азықтандыруды арттырады.

6. 3 Перикард ауруы

Перикардит - перикардтың (жүрек жейде) қабынуы. Жедел және созылмалы, құрғақ және экссудативті перикардиттер бар.

Себеп агенттер. Инфекция, инвазия, аутоиммунды антиденелер, көрші ағзалардың қабыну процестері. Алғаш рет перикардит экссудатсыз өтеді, содан кейін перикард жапырақтары арасында экссудат кетеді, жүрек қысуы мүмкін, бұл жүрек жеткіліксіздігі симптомдарымен көрінеді. Қабыну процесі жиі миокард (миокардит) және плевраға (плеврит) ауысады.

Клиникалық белгілері. Аурудың басында перикардтың үйкеліс шуы тыңдалады, температура жоғарылауы мүмкін, жүрек аймағында басу кезінде ауырсыну. Содан кейін экссудаттың жиналуына қарай шулар жоғалады, жүрек жеткіліксіздігінің белгілері пайда болады: еңтігу, адинамия, тахикардия, ісіну, асцит. Аритмия жиі кездеседі.

Балау. Қырғыш Шу-құрғақ перикардит кезінде патогенді белгі. Экссудативті перикардит жұмысты диагностикалау.

Емі. Антибиотикотерапия пенициллиндермен, цефалоспорииндермен немесе аминогликозидтермен, глюкокортикоидтар (1 мг/кг Преднизолон немесе 0,8 мг/кг триамцинолон) дозаны біртіндеп төмендете отырып, 5-7 тәулік тағайындайды. Қабынуға қарсы стероидты емес дәрілер: индометацин, брофен, пироксикам, ацетилсалицил қышқылы. Жүрек жеткіліксіздігі кезінде-фуросемид немесе басқа несеп айдайтын дәрілер, калий препараттары. Жүрек тампонадасы жағдайында перикард пункциясын жүргізеді.

Алдын алу. негізгі аурудың алдын алуға және емдеуге бағытталуы тиіс.

6.4 Аритмия

***Аритмия-* жүрек ырғағы мен кезектілігінің бұзылуы.**

Тахикардия- жүрек жиілігінің тұрақты жоғарылауы (іріиттерде 100-ден астам және ұсақ иттерде 130-дан астам). Қызба, гипертиреоз, миокардит, жүрек жеткіліксіздігі бар. Емдеу үшін калий препараттары (панангин, аспаркам), ыстықтүсіретіндәрілер, жүрек гликозидтері, корвалол, корданум, кордарон, резерпин, валериана препараттары қолданылады.

Брадикардия- жүрек жиілігінің тұрақты төмендеуі. Миокард инфарктісі, гипотиреоз, вирустық инфекциялар, уыттану кезінде болады. Ең алдымен, негізгі ауруды емдейді. Кордиамин, камфору, кофеин, атропин, мезатон, курантил тағайындайды.

Экстрасистолия - бүкіл жүректің немесе оның бөліктерінің уақытынан бұрын қысқаруы. Миокардит, улану және басқада аурулар, әсіресе кәрі иттерде кездеседі. Негізгі ауруды емдеуден басқа калий, новокаин препараттары, долана және валериана препараттары тағайындалады.

